

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

КЕҢ АУҚЫМДЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА – ЖОЛ АШЫҚ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

СЕКЕН ТҰРЫСБЕКОВ – ЕРЕКШЕ ДАРЫН ИЕСІ



Қызылорданың «Өнер орталығында» Қызылорда қаласының астана болғанының ғасырлық мерекесіне, Қазақстанның Халық артисі, Халық Қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған «Ақжауын» мемлекеттік камералық оркестрінің концерті өтті.

Шығармашылық кешті облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, мемлекет және

қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, аймақтың өнерсүйер жұртшылығы тамашалады.

Концерт «Ақ жауын» камералық оркестрінің орындауында Секен Тұрысбековтің «Ұлы дала» шығармасымен ашылды. Аймақ басшысы құттықтау сөз сөйлеп, оркестр ұжымына шығармашылық табыс тіледі.

– «Қазақтың күй өнері – халқымыздың рухани болмысы мен мәдениетінің биік тұғыры, сарқылмас асыл қазынасы. Қос ішекті домбыраны кие тұтып, шанағынан небір туындыны төгілдірген кешегі Құрманғазы, Тәттімбет, Қазанғап, Динадан жеткен қастерлі ұлт мұрасын жалғаушы Секен Тұрысбеков – ерекше дарын иесі. Секен Кәрімұлының

«Көңіл толқыны», «Балауса», «Дарабоз», «Ақ жауын», «Тарбағатай», «Аққу сазы», «Ерке құсым», «Көктемім менің», «Қоңыр қаз» секілді ән-күйлері халықтың жүрегінен орын тауып, ұлт руханиятын кемелдендіре түсті. Еліміздің дарынды перзенті Секен ағамыздың шалқар шабытынан туған шығармалары бойға рух беріп, жүректі тербейді. Дарын иесінің күйшілік

өнері жеке орындаушылықтан асып, «Ақ жауын» мемлекеттік камералық оркестріне ұласты.

Бұл – талмай еңбек етудің, ұзақ жылғы ізденістің, қабілетті жастарды маңына жинап, ерінбей үйретудің нәтижесінде жүзеге асқан абыройлы іс. Күй – өміршең өнердің бірегейі. Бабаларымыздың ұрпақтан-ұрпаққа қастерлеп жеткізген төл мұрасын кеңінен насихаттауда, бүгінгі буынның санасына сіңіруде «Ақ жауын» мемлекеттік камералық оркестрінің еңбегі зор.

Бүгінге дейін әлемнің бірқатар елдерінің үздік сахналарын әсем сазбен тербеп, қазақ өнерін асқақтатқан оркестр ұжымының еңбегі қашанда құрметке лайық», – деп Нұрлыбек Машбекұлы өнер иесіне жүреқжарды тілек арнады.

Кеште Құрманғазының «Ақсақ киік», «Қайран, шешем», Нұрғиса Тілендиевтің «Ата толғауы», «Боорлаштарым», Дина Нұрпейісованың «Өсем қоңыр» күйлері орындалды. Жүректің нәзік қылын шертетін күші бар, тыңдаушысын ой мен сезім тұңғығына тартатын туындыларды тыңдауға келген көрерменнің қошеметі ерекше болды.

Шығармашылық кеште өнер көрсеткен Секен Кәрімұлына және барша таланттарға облыс әкімінің ықылас гүлі табысталды.

Елімізге Словакия Премьер-министрі Роберт Фицо бастаған Словакия елінен ресми делегация келді. Ақордада словакиялық ресми делегацияны салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Екі ел арасындағы экономикалық әріптестікке назар аударар болсақ, былтыр екі ел арасындағы тауар айналымы 140 миллион долларды құраған. Сондай-ақ елімізде Словакияның 30-дан астам компаниясы бар екен. Одан бөлек 20-дан астам бірлескен кәсіпорындар, еліміздің еңбек, сауда нарығында қызмет көрсетіп жатыр.

Салтанатты рәсімде сөз сөйлеген Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев екі ел арасында энергетика, өнеркәсіп өндірісі, ауыл шаруашылығы, логистика, цифрландыру, аса маңызды шикізат материалдары, білім және туризм салаларында әріптестік орнатуға мол мүмкіндік бар деді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қазақстанның Еуропадағы маңызды әрі сенімді серіктесі деп атап көрсеткен Словакия елінің Үкімет басшысы осы жолғы ресми сапарда өзімен бірге елінің бірқатар іскер, бизнес әлемінде де орны бар тұлғаларын ерте келіпті.

– Екі ел арасында ешқандай түсініспеушілік жоқ, кең ауқымды ынтымақтастыққа – жол ашық. Себебі, Қазақстан мен Словакияның сан қырлы байланысын күшейту қос халықтың мүддесіне сай келеді. Словакия – экономика тұрғысынан алып қарасақ, қарқынды дамып келе жатқан ел. Сондықтан Қазақстан Словакиямен қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға баса мән бермек. Біз сауда-саттық көлемін одан әрі арттыру мәселесіне тоқталдық. Инвестициялық ықпалдастықты тереңдетуге назар аудардық. Бұл тұрғыдан алғанда Үкіметаралық комиссия маңызды рөл атқарып келеді. Мен Комиссияның тең төрағаларының деңгейін министр дәрежесіне көтеруді ұсындым. Қазақстан Словакияға мұнай-газ, уран, азық-түлік өнімдерін және басқа да тауарларын экспорттауға дайын. Сондай-ақ энергетика, машина жасау, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, туризм саласында бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Әскери-техникалық байланыстың әлеуеті зор. Бұған қоса, біз келіссөздер барысында Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің әлеуетін бірге пайдалану жайын талқыладық. Бұл – стратегиялық маңызы бар сауда жолының бірі. Мен словакиялық серіктестерімізді осы дәлізді дамыту жобасына қатысуға шақырдым. Бұл саладағы ықпалдастық өзара сауда-саттыққа тиіз серпін беруге тиіс.

Біз мәдени-гуманитарлық байланысты нығайтудың маңызды екеніне тоқталдық. Словакияда еңбек етіп жүрген Қазақстан азаматтарының әлеуметтік жағдайына және құқығын қорғау мәселесіне ерекше назар аудардық. Сондай-ақ білім саласындағы байланыстарды тереңдету жайын талқыладық. Жастарымыз екі елдің жоғары оқу орындарында білім алып жүр. Олар біздің халықтарымызды одан әрі жақындастыра түседі деп ойлаймын. Біздің қарым-қатынасымыздың тарихы терең. Қазақ жауынгерлері Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Словакияны азат етуге белсене атсалысты. Осыған орай Роберт Фицо мырза Отан қорғаушылар монументіне барып, батырлардың рухына тағзым етті. Осылайша, адамзат үшін қиын кезеңде бастау алған қазақ-словак достығы бүгінге дейін жалғасып, нығайып келеді.

Әлемдегі геосаяси ахуал, жаһандық текетірістер мен сауда соғысы бәрімізді алаңдатып отыр. Екі тарап та бұл түйткілдер бейбіт жолмен шешілуі керек деп санайды. Елдеріміздің халықаралық ұйымдар аясындағы байланысы нығайып келеді. Атап айтқанда достығымыз Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы сияқты құрылымдар аясында дамып жатыр. Көптеген жаһандық үрдістер мен сын-қатерлерге қатысты ұстанымдарымыз ұқсас. Біз көпжақты дипломатиялық байланыстарды тереңдетуге ерекше мән береміз. Бүгінгі келіссөз қарым-қатынасымыздың өзара тиімді сипатын тағы да нақтылай түсті. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында қазақ-словак ықпалдастығы жаңа деңгейге көтеріледі деп сенемін, – деп, қонақтарға ізгі тілегін арнады.

БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ ЖАҢАРДЫ

Бірыңғай конкурстық комиссияның қорытындысы негізінде қала әкімінің өкімімен Файзуллаев Жәнісбек Исламұлы қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы кызметіне тағайындалды.

Жәнісбек Исламұлы 1992 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Жоғары білімді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін 2014 жылы «Құрылыс» мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын Қызылорда қалалық құрылыс бөлімінде маман ретінде бастаған.

2015-2022 жылдары Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасында бас маман, 2022-2024 жылдары Сырдария ауданы мен Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімдерінің, 2024 жылдан бастап қалалық құрылыс бөлімінің басшысы кызметтерін атқарып келді.

Ал, бұған дейін осы бөлімге жетекшілік жасаған Мақсат Өмірбекұлы «Қызылорда тазалығы» кәсіпорнының директоры болып тағайындалды.

Сонымен қатар, бірыңғай конкурстық комиссияның қорытындысы негізінде қала әкімінің өкімімен Әнуар Айдын Серікұлы қалалық құрылыс бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалды.

Айдын Серікұлы 1990 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. 2014 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Құрылыс» мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолын жеке құрылыс мекемесінде техник-жобалаушы болып бастап, әр жылдары бас инженер, директор кызметтерінен бастаған.

2020-2024 жылдары Қармакшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы, облыстық жұмылдыру басқармасының «Жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығының» басшысы, Қызылорда қалалық құрылыс бөлімінің басшысы, 2024 жылдан бастап Қармакшы ауданы әкімінің орынбасары лауазымын атқарып келді.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңі

Құжат қабылдау:

2025 жылғы 15 маусымға дейін;

Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі №16

Қала әкімдігінің ғимараты, 306-кабинет;

+7 (7242) 27-20-81

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңі

- ✓ **Жеке басын куәландыратын құжаттары;**
- ✓ **Кәмелетке толмаған балаға қорғаншылықты белгілеу туралы шешімінен үзінді;**
- ✓ **Неке кнью туралы куәлік;**
- ✓ **Балаларды тәрбиеленгені үшін алған жетістіктерін куәландыратын құжаттар;**
- ✓ **Жұмыс (оқу) орнынан анықтамалар және мінездемелер;**
- ✓ **Ұсынымдар (әріптестерінің, көршілерінің, достарының);**
- ✓ **Ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттар.**

“ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТ” ҚҰР БОСҚА БЕРІЛМЕЙДІ...

Бүгінде елу жасты еңсеріп, алпыс жасқа қарай адымдаған Болатбек Қуандықовтың өмір жолын таратып айтар болсақ, мықтылығын байқаймыз.

Ол 17 жасында ағаш шебері, яғни плотник болып еңбек жолын бастаған. Жоғары білім алғаннан соң 23 жасында “Адам-Ата”, “Лидер” деген кооперативтік бірлестіктерде бухгалтер-ревизор болып, өзінің жақсы қаржыгер екенін көрсете білді.



1993-ші жылдан бастап Қызылордадағы Ұлттық банк облыстық басқармасында экономист, аға экономист, бөлім бастығы болып, басшылық көзіне түсті. Көп жұрт есеп-қисапқа жүйріктікті қалайтын Ұлттық банктің маңына жақындай алмай жүргенде, ол бар болғаны 27 жасында облыстағы осы банкті басқарды.

Айта кету керек, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары болып тағайындалған 1999-шы жылдар ерекше кезеңдер еді. Шаруашылық құрылымдарында, жалпы ел экономикасында болып жатқан бұрынғыға ұқсамайтын өзгеше өзгерістер қаржы саласын да айналып кетпеді. Қаржылық менеджмент, экономиканы жоспарлау, бюджет қалыптастыруда өзіндік ойы бар, жаңаша пайымы бар ол 30 жасында облыс әкімінің бірінші орынбасары болды. Бұл сол кездер үшін соны жаңалық еді.

Жалпы Б.Куандыков төменнен жоғарыға өрлеген

басшылардың бірі. Өмір тарихына зер салғанда облыс әкімінің бірінші орынбасары болып жүріп, 2004-ші жылы еліміздің бюджетін жоспарлау және экономика департаментінің директоры, одан кейін Төтенше жағдайлар вице-министрі, Президент әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы болып жоғарылаған 4 жылдан астам уақыт оның жоғары билік қазанында пісіп жетілген кезеңі болды.

Қызмет бабымен жоғарылап кеткеннен кейін араға 4 жыл салып, елге қайта оралды. 2008-ші жылдың мамыр айы мен 2013-ші жылдың қарашасына дейін Қызылорда облысының әкімі қызметін атқарды.

Өрине облыс басқарған жылдар оңай болған жоқ. Облыс әкімі Н.Нәлібаев құттықтау сөзінде айтқандай “Сыр өңірін басқарған кезеңде облыстың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына бағытталған ауқымды жобалар жүзеге асты. Болатбек Баянұлы аймақтың өзекті мәселелерін батыл көтеріп, Қызылорда қаласындағы көпқабатты тұрғын үйлердің қордаланған проблемаларын шешуге, инженерлік-инфрақұрылым жүйелерін жаңартуға ықпал етті. 100-ден астам білім беру, 60-тан астам денсаулық сақтау мекемесі бой көтерді. Облыс орталығы Қызылорда қаласын газдандыру жобасы толығымен аяқталды. 1000 шақырымнан астам жолдар орташа, күрделі жөндеуден өтті. 2010 жылы 11,2 млн. тонна мұнай өндіріліп, өңір тарихындағы “қара алтын” өндірісінің шарықтау шегі ретінде есте қалды. «Ғасырдың ғаламат жобасы» атанған «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Аралдың солтүстік бөлігін сақтап қалу» жобасының 1-кезеңі жүзеге асты”.

Кездесуде Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, профессор Бақберген Досманбетов, қоғам қайраткерлері Дайрабай Ысқақов, Нажмадин Мұсабаев, Рзақұл Нұртаев, Мұрат Бақтиярұлы, Мәжіліс депутаты Мұрат Ерғешбаев, мәдениет саласының ардагері Алма Бақтиярова Болатбек Қуандықовты құттықтап сөз сөйледі.

Болатбек Баянұлы көрсетілген құрметке ризашылығын білдіріп, туған жердің қарыштай беруіне тілектестігін білдірді. Ия, Нұрлыбек Машбекұлы осындай сәттерде ылғи айтып жүретіндей “Біз адал қызмет атқарып, саналы ғұмырын аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына арнаған, елдің қошеметіне бөленген азаматтарды ардақтап, лайықты құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырдық”.

...“Болар елдің балалары бір-бірін Батыр дейді”...

ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ БАСТАЛАДЫ

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департамент басшысы Қайрат Байғабылұлы мәлімдеді. Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы 2025 жылдың 1 тамызы мен 20 қазаны аралығында өтеді. Бұл елдің аграрлық секторының жай-күйі туралы өзекті деректерді алуға бағытталған ауқымды статистикалық зерттеу.

Санақ ҚР Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүргізіледі, өткізу мерзімі ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдылығын ескере отырып, ҚР Үкіметімен бекітілген. Іс-шара екі кезеңде өтеді: онлайн-сауалнама және үй шаруашылықтарын аралап өту.

Онлайн-кезең 1-31 тамыз аралығында **sanaq.gov.kz** сайтында өтеді, онда респонденттер санақ парақтарын өз бетінше толтыра алады. 20 қыркүйектен 20 қазанға дейін интервьюерлер онлайн-сауалнамадан өтпеген үй шаруашылықтарына баратын болады. Бұған дейін, 1-30 маусым аралығында респонденттердің тізімін нақтылау үшін өңіріміздің 3 қаласында үй шаруашылықтарын алдын ала аралау (листинг) өтеді.



Ауыл шаруашылығы – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ! САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!
Сельское хозяйство – богатство страны! Внеси вклад, участвуй в переписи!

Ауыл шаруашылығы санағы

1 тамыз-31 тамыз

sanaq.gov.kz сайтында санаққа онлайн түрде қатысу

20 қыркүйек-20 қазан

Үй шаруашылықтарында интервьюерлердің сауалнама жүргізуі

Сельскохозяйственная перепись

1 августа-31 августа

Участие в переписи онлайн на сайте sanaq.gov.kz

20 сентября-20 октября

Проведение опроса домашних хозяйств интервьюерами

1446

www.sanaq.gov.kz




«Біз барлық азаматты санаққа белсенді қатысуға шақырамыз. Бұл жай ғана статистикалық шара емес, бұл – азық-түлік қауіпсіздігі, фермерлерді қолдау және аймақтарды дамыту шешімдерінің негізі. Тек сенімді деректер ғана тиімді мемлекеттік ағарлық саясатты қалыптастыруға көмектеседі», – деп атап өтті.

Сауалнамаға өсімдік шаруашылығымен, мал шаруашылығымен және балық шаруашылығымен айналысатын заңды тұлғалар, ЖҚ, фермерлік қожалықтар қатысуы тиіс. Сондай-ақ үй-үйді аралау кезінде жеке қосалқы шаруашылық жүргізетін, бақшасы мен жер учаскесі бар, мал ұстайтын үй шаруашылықтары сұралады.

Санақ өңіріміздің 89 мыңнан аса үй шаруашылығын және 11 мыңға жуық ауыл шаруашылығы өндірушілерін қамтуды жоспарлап отыр. Сауалнама өткізу үшін өңірде 192 интервьюер тартылады.

Азаматтарға ыңғайлы болу үшін кент және ауылдық округ әкімі аппараттарында, аудандық статистика бөлімдерінде интернетке қосылған**өзіне-өзі қызмет көрсету** аймақтары ашылады. Кеңес алу үшін азаматтар **sanaq.gov.kz** сайтында**sanaq-myrza** виртуалды көмекшісіне немесе **1446** байланыс орталығына жүгіне алады.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАДЫ

Талап қоюшы Р. тұрғын үй комиссиясының шешімін және біржолғы тұрғын үй төлемін беруден бас тартуды заңсыз деп тану туралы әкімшілік талап қоюмен сотқа жүгінген.

Талап қоюшы өзінің талап қоюында мемлекеттік органда 20 жылдан астам уақыт үздіксіз қызмет еткенін, мемлекетпен берілген тұрғын үй төлемдерін алу түріндегі кепілдіктерді пайдаланбағанын, сонымен бірге, тұрғын үйдің біржолғы төлеміне өтініш бергенін, алайда, мемлекеттік орган оны төлеуге негіз жоқ деп жауап бергенін көрсеткен.

Сот аталған істің мән-жайын мұқият зерделеді.

ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 101-5-бабының 1), 3) тармақшаларына сай, тұрғын үй төлемдерін алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген тиісті шарттар негізінде жеке арнайы шотындағы ақшаны тұрғынжайды меншікке, оның ішінде төлемдерді бөліп төлеумен немесе ипотекалық кредитті (қарызды) пайдалана отырып меншікке алу, бұрын алынған ипотекалық кредитті (қарызды) өтеу мақсаттарында қолданады.

Талап қоюшы банктік заем шарты негізінде пәтер алып, оны өтеу мерзімі 2027 жылға дейін белгіленген. Аталған пәтер тұрғын үй құрылыс жинақтарының кепіл шарты негізінде кепілге қойылған.

Сонымен бірге, біржолғы тұрғын үй төлемін тағайындау туралы өтінішті мемлекеттік орган басшысы емес, тұрғын үй комиссиясы қарауы тиіс еді. Бұл жағдайда өтініш дұрыс органмен қаралмағаны анықталды.

Аталған жайттарды ескере отырып, сот талап қоюды қанағаттандыруға негіз бар деп тапты.

Сот шешімімен мемлекеттік органның тұрғын үй комиссиясының талап қоюшыға қатысты тұрғын үй төлемдерін жүргізуден бас тарту туралы тұрғын үй комиссиясының хаттамалық шешімінің

күші жойылып, талап қоюшының бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру мемлекеттік органға міндеттелді.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

ТИІСТІ ТҮРДЕ КӨЛІКТІ ТІРКЕМЕЙ РУЛЬГЕ ОТЫРҒАН

Азамат Д. әкімшілік жаза қолданыл-ғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап, Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы бойында белгіленгентәртіппен тіркелмеген автокөлігін басқарған.

Азамат Д. әрекеті өз кінәсін мойын-дауымен қатар, полиция қызметкер-лерінің мәлімдемесімен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама-сымен, Қызылорда облысы Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасының анықтамасымен дәлелденіп бекітілді. «Жол жүрісі» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабының 1,2 тармағына сәйкес, басқа мемлекеттің құзыретті органында тіркелген, халықаралық жол жүрісіне қатысатын және Қазақстан Республикасына бір жылдан аспайтын мерзімге әкелінетін механикалық көлік құралдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында жасалған немесе Қазақстан Республикасына әкелінген, осы Заңда айқындалатын механикалық көлік құралдары міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады.

Осы Заңға сәйкес мемлекеттік тіркеуден өтпеген механикалық көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағында жол жүрісіне қатысуына, пайдаланылуына тыйым салынады.

Алайда, Д. «Жол жүрісі» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтамай, автокөлігін тиісті түрде тіркемей басқарған.

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 590-бабының 2-1-бөлігімен азамат Д. кінәлі деп танылып, оған 55048 теңге айыппұл салынды.

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты

«АШЫҚ ЕСІК КҮНІ» ӨТТІ

2025 жылғы 11 маусымда “БЖЗҚ” АҚ-ның (БЖЗҚ, Қор) барлық филиалдарында “Сіздің зейнетақы жүйесіндегі құқықтарыңыз: алаяқтардың құрбаны болмау жолдары” тақырыбында дәстүрлі “Ашық есік күні” өткізілді.

Соңғы уақытта алаяқтар халықты алдаудың жаңа да тың тәсілдерін ойлап табуда. Олар әлемнің кез келген елінде болуы мүмкін және телефон нөмірлерін көбіне INTERNET желісінен табады. Мысалы, тегін хабарландыру сайттары арқылы әлеуметтік желілердегі аты мен әлеуметтік жағдайын әртүрлі мессенджерлер мен қызметтер арқылы біліп алады. Осылайша олар өз құрбандарын адастырып, сенімдеріне кіруге тырысады. Өзіңізді және жақындарыңызды осындай алаяқтардан қорғау үшін зейнетақы жинақтары саласындағы қаржылық-құқықтық сауаттылық, алаяқтық схемалардан қорғану тәсілдері туралы білім деңгейіңізді үнемі арттырып отыру қажет.

Алаяқтардан қорғану тақырыбына арналған онлайн-кездесуде Қор мамандары зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған қауіпсіздік шаралары туралы егжей-тегжейлі баяндап, ақпаратты ресми көздерден немесе тікелей Қордан алудың нәліктен маңызды екенін, қызмет көрсету бойынша заңды ұсыныстарды алаяқтық схемалардан қалай ажыратуға болатынын, ақылы кеңес беру қызметтерін ұсынатын бөгде адамдардан қандай қауіптер туындауы мүмкін екенін түсіндіреді. Кездесу қонақтарына азаматтарға қатысты жасалған кейбір заңсыз алаяқтық әрекеттер мысал ретінде келтіріліп, осындай жағдайларда қандай іс-қимылдар жасау керек екендігі жөнінде ұсыныстар берілді.

Сондай-ақ, БЖЗҚ қызметкерлері кездесуге қатысушыларды Қордан берілетін зейнетақы төлемдерін алу тәртібі, оларды ресімдеу шарттары мен тәсілдері, enpr.kz сайтындағы төлемдерді ресімдеу тәртібі туралы ақпаратты қалай табуға болатындығы туралы хабардар етті.

Негізгі тақырыпты талқылай отырып, БЖЗҚ бөлімшелерінің жауапты қызметкерлері қатысушылар тарапынан туындаған сұрақтарға жауап беріп, жеке мәселелер бойынша ақыл-кеңес те беріп үлгерді. Онлайн кездесу салымшылар арасында үлкен қызығушылық тудырып, қатысушылардың пікірлері бойынша пайдалы және нәтижелі болды.

ЭЛЕКТРОНДЫ САУДА-САТТЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы 2011 жылдың 1 наурызында қабылданды. Осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 Қаулысымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату қағидасы әзірленді. Бұл қағида аукцион, тендер, жабық тендер және екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурс нысанында сауда-саттықта жекешелендіру объектілерін, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларында мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сату және акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларына құқықты куәландыратын туынды бағалы қағаздарды сату тәртібін реттейді.

Электронды аукцион электрондық форматта тізілімнің веб-порталын пайдалана отырып, қатысушылар өздерінің ұсыныстарын жария түрде мәлімдейтін сауда-саттық нысаны.

Республика бойынша алғашқылардың бірі болып Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап элек-тронды сауда-саттықты жүргізіп келеді.

Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті облыс бойынша мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган ретінде республикалық мүлікті жекешелендіруді жүзеге асырады, оның ішінде республикалық мүлікті, сондай-ақ нарықта үстем немесе монополиялық жағдайға ие табиғи монополия субъектілері немесе нарық субъектілері болып табылмайтын мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорындарды жекешелендіру туралы шешім қабылдай-ды, объектіні жекешелендіруге дайын-дау процесінде республикалық мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді, жекешелен-діру процесін ұйымдастыру үшін делдалды тартады, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз етеді, жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

Сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу үшін сатушы міндетті түрде комиссия құрады, оның құрамына сатушының және басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері немесе олардың аумақтық бөлімшелері, «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен өңірлік палаталарының өкілдері енгізіледі.

Жоғарыда талып өткен қағидаға сәйкес, сауда-саттықты өткізуге дайындық мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:
- Жекешелендіру объектісі бойынша қажетті материалдар жинау жүргізіледі;
- Жекешелендіру объектісін бағалау негізінде жекешелендіру объектілерінің

алғашқы бағасы айқындалады;

- Сатылу нысандары мен әдісі айқындалады;

- Жекешелендіру объектілері жекелеген

сауда-саттықтар бойынша бөлінеді;

- Кепілдік жарнаны енгізу тәртібі айқындалады;

- Сауда-саттықты өткізу мерзімі белгіленеді;

- Қажет болған жағдайда ұйымдастырушылар тартылады;

- Сауда-саттық өткізу туралы хабарлама жарияланады;

- Кепілдік жарналар қабылданады;

- Қатысушыларды тіркеу жүргізіледі;

- Сатып алу-сату шартының жобасын дайындау жүзеге асырылады.

Электронды сауда-саттық сауда-саттықтың бағаны көтеру және бағаны төмендету әдістері арқылы өткізіледі.

Әрбір сатылған жекешелендіру объектісі бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық хаттамамен рәсімделеді, оған сатушы және жеңімпаз электронды цифрлы қолтанбаны пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілген күні тізілімнің веб-порталында қол қояды. Хаттамаға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде электронды форматта тізілімнің веб-порталында сатып алу-сату шарты жасалады.

Жекешелендіру объектісін беру акциялардың мемлекеттік пакеттерін қоспағанда, сатып алу-сату шарты бойынша сатып алушы бағасын толық төлеген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей қабылдап алу-беру актісі бойынша жүргізіледі.

Электронды сауда-саттықты жүргізу бүгінгі күннің талабына сай келетін бірден бір нәтижелі іс. Ол әсіресе, ғаламтор арқылы сайтқа кіре отырып, еліміздің кез-келген түкпірінен Қазақстан аумағында жарияланған сауда-саттыққа өтініш білдіріп, мемлекеттік мүлікті талаптарға сәйкес жекешелендіре алады. Сондықтан, бүгінгі күні де, келешекте де сауда-саттықтың электронды түрде жүргізілуі өз мәнісін, қажеттілігін жоймақ емес.

Электронды сауда-саттық тізілімнің веб-порталында, яғни (Е- QAZYNA.KZ) сайтына кіріп, «SAUDA-2» Электронды сауда қызметін қарау арқылы тұрақты түрде ақпарат алуға немесе www.gosreestr.kz мемлекеттік сайтына Интернет желісінде орналастырылған, мемлекеттік мүлік тізілімнің сату объектілері жөніндегі электрондық дерекқорға бірыңғай қол жеткізу нүктесін ұсынатын интернет-ресурста өткізілетінін хабарлаймын.

МҮБӘРАҚ С.Ш.

Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің жекелеген негіздер бойынша түскен мүлікпен жұмыс бөлімінің бас маманы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ОНЫ ЖОО - МІНДЕТ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табы-лады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жыл сайын Мем-лекет басшысының Қазақстан халқы-на Жолдауында жарияланады. Өз жол-дауында Президент «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» сыбайлас жемқор-лыққа қарсы іс-қимылға барлық бағыттар бойынша жаңа серпін беру қажеттігін атап өтті. Жалпы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуы тиіс деп санаймын. Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыс-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуі міндетті. Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Н. БАҚЫТОВ

Ақсуат ауылдық округінің әкімі

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:		
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINТ» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11		Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН			

ЖҰМЫСШЫ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫ – ЕҢ БАСТЫ ҚҰНЫДЫЛЫҚ

Осы апта басындағы Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында өндірісте қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және еңбек саласын цифрландыру мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен 2025 - Жұмысшы мамандықтары жылы.

Осыған орай жұмысшыларға, еңбек адамдарының проблемаларына мән берілуде.

Үкімет отырысында баяндама жасаған Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова айтуынша қабылданып жатқан шаралардың нәтижесінде елімізде өндірісте жарақат алу деңгейі төмендеген. Мәселен, 2025 жылдың 1 мамырындағы мәлімет бойынша, 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда еліміздің кәсіпорындарында өндірісте жарақат алу жағдайы 16,9%-ға азайған.

– Адам өмірі мен денсаулығы – ең басты құндылық. Сондықтан еңбекті қорғау жұмыс қорғау жүйесі орнында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің заманауи тәсілдеріне негізделуі керек. Мемлекет басшысы кәсіпорындарда еңбек қауіпсіздігі мәселелерін шешуді нақты тапсырды. Ерте ескерту және хабарлау жүйелері апат қаупі туындаған жағдайда жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Жаза-тайым оқиғаларды азайту үшін жұмыс берушілер жарақаттануға, әсіресе адам өліміне алып келетін жағдайларды болдырмайтын еңбек қауіпсіздігін, автотаттандыру мен цифрландыруды қамтамасыз етуге міндетті.

Еңбекті қорғау мәселесінде жұмыс берушілердің өздерінің рөлі мен қатысуы өте маңызды. Жұмыс берушілердің жұмыскерлермен жаза-

тайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттарын жасасуын қамтамасыз ету қажет. Жалпы, кәсіпорындарда жарақаттануға мүлдем төзбеушілік қағидатын, сондай-ақ халықаралық стандарттарға сәйкес келетін кәсіби тәуекелдерді бағалау мен басқару жүйесін белсенді түрде енгізу керек, –деп атап өткен Үкімет басшысы жұмыс берушілердің өндірісте жарақат алу фактілерін жасыруына жол бермеу бөлігінде заңнамалық түзетулер әзірлеуді, жыл соңына дейін өнеркәсіп орындары мен құрылыс секторында өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға арналған арнайы жабдықтарды міндетті түрде орнатуды қамтамасыз етуді, осы жылдың соңына дейін кәсіпорындарға өнеркәсіптік қауіпсіздік нормаларына сәйкестігі тұрғысынан тексеру жүргізуді тапсырды.

Үкімет отырысынан соң аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте жұмысшылардың құқықтарын қорғауға, шетел азаматтарының елде болу кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты тапсырмалар жүктелді.

– Инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын мердігер мекемелер жұмыскерлермен еңбек шартын жасасуы тиіс. Мекемелер мен кәсіпорындарда жалақының уақытылы төлеknуін бақылап, еңбек дауларының алдын алуда тұрақты мониторинг жүргізу маңызды. Жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру шарттарын жедел жасап, бұл жұмысты қатаң қадағалауға алыңыздар. Ұжымдық шарттар жасасу ісін жандандырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізіңіздер, –деп сала басшылары мен мамандарына міндет жүктеді.

ВИЦЕ-МИНИСТР МАҚТАДЫ...

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқар Биыхметов Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келді.

Вице-министр алдымен облыс әкімдігінде еңбек нарығының жағдайы туралы мәжіліс өткізді.

Мәжілісті облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов ашып, жүргізіп отырды.

Мәжіліске Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, орталық атқарушы органдардың аумақтық департаменттері, облыстық басқарма басшылары және өңірдегі әлеуметтік сала қызметкерлері қатысты. Жыында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жұмабекұлы өңіріміздегі жұмыспен қамту саласында 2024 жыл қорытындысы және 2025 жылдың 5 айындағы атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы баяндады.

Вице-министр 2024 жылдың қорытындысымен Қызылорда облысы бойынша Өңірлік жұмыспен қамту картасы шеңберінде белгіленген барлық индикаторлардың артығымен орындалғандығын және республика бойынша аймақ алғашқы үштікте екендігін атап көрсетті.

Одан бөлек Асқар Биыхметов еңбек нарығындағы жаңалықтар ретінде мемлекеттік инвестициялардың тиімділігін арттыру мақсатында енгізілген

«Инновациялық жобалардың навигаторы» (ИЖН) цифрлық платформасымен және Еңбек тәуекелдері картасымен таныстырды.

Мәжіліс қорытындысымен вице -министр тиісті басқармалар мен аудан, қала әкімдеріне еңбек қатынастарын заңдастыру, көлеңкелі экономикадан шығару арқылы халықтың әлеуметтік тұрғыда қорғалуын ұйымдастыру

жалған жұмысқа орналастыру әрекеттерінің болу деректеріне талдау жүргізіп, тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

Сондай-ақ, вице-министрі аймақтың әлеуметтік-еңбек қатынастары мен өндірістік саласының дамуына қатысты бірқатар маңызды нысандарды аралады.

Ол Қызылорда шыны зауытына, «Қызылорда Саз-М» ЖШС заманауи кірпіш зауытына және Қызылорда қаласындағы жаңа жылу электр орталығына барды.

Қазіргі таңда Қызылорда шыны зауыты 318 адамды тұрақты жұмыспен қамтыса, жергілікті тұрғындар үшін «Қызылорда Саз-М» ЖШС заманауи кірпіш зауыты іске қосылғасын 70 орын, Жылу электр орталығында 200-ге жуық тұрақты жұмыс орындары құрылады деп жоспарлануда.

Кездесу барысында вице-министр кәсіпорын ұжымдарымен кездесіп, еңбек жағдайлары, өндірістік қауіпсіздік, жұмысшылардың әлеуметтік құқықтарын қорғау мәселелеріне назар аударды. Сонымен қатар, жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелерін талқылап, еңбек қатынастарын жетілдірудің өзекті бағыттарын атап өтті.



бағытындағы жұмыстарды жандандыру, электронды еңбек биржасы арқылы жұмысқа орналасқан азаматтардың еңбек шарттарының уақытылы жасалуын, міндетті зейнетақы жарналарының мерзімінде аударылуын қамтамасыз етуді, жұмыс берушілер тарапынан

“ҚОРҚЫТ АТА” АЗА-Ы ИНВЕСТИОРЛАРДЫ ҚЫЗЫҚТЫРЫП ТҰР...

Күні кеше құрылған “Қорқыт Ата” арнайы экономикалық аймағы инвесторлар қызығушылығын тудыруда.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қытайлық инвесторлармен кездесіп, өңірде шыны талшық өндіру зауытын және күн электр станциясын салу жобаларын талқылады. Аймақ басшысы кездесуде айтқандай облыс аумағында шыны талшық өндірісін толық көлемде іске қосу үшін қажетті минералды шикізаттың бай қоры бар. Бұл өндіріс үшін кварц құмы, бор ангидриді, сода, натрий сульфаты, калий, әктас, доломит, магнетит, глинозем, қорғасын оксидтері сияқты шикізаттар қажет. Осы минералдардың барлығы облыс аумағында қолжетімді.

Аймақтың географиялық орналасуы мен климаттық жағдайы да күн мен жел энергиясын молынан өндіруге мүмкіндік береді. Бүгінде облыста жалпы қуаты 89 МВт болатын 9 күн-электр станциясы жұмыс істейді. Оның үшеуі шетелдік инвесторлардың қатысуымен салынған. Қуаттылығы 201,5 МВт болатын тағы 6 жоба қолға алынған.

Мамандардың айтуынша, облыста күн энергиясының әлеуеті жылына 32 трилли-

он кВт/сағат, ал жел энергиясы 2,7 триллион кВт/сағат. Күн сәулесінің түсу ұзақтығы орта есеппен 3000 сағатқа дейін жететінін ескерсек, бұл бағытта жаңа жобаларды жүзеге асыруға өте қолайлы жағдай қалыптасқан.

Аймақ басшысы қытайлық инвесторларға жобаларды орналастыру үшін «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағын ұсынды. Өйткені АЗА қатысушыларына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірқатар салықтық және кедендік жеңілдіктер беріледі. Оларды корпоративтік табыс салығы, кедендік баждар, жер және мүлік салығынан, жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемәқйдан босату қарастырылған.

Бұдан бөлек, мемлекеттік жобаларды іске асыру үшін қажетті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етеді және кейіннен сатып алу құқығымен жер учаскесін тегін жалға береді.

Кездесу соңында аймақ басшысы инвесторларға әкімдік тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін жеткізді.

“КӨК ТУДЫ ЖЕЛЫРЕТЕТІН СПОРТШЫЛАРДЫҢ КӨБЕЙГЕНІ – БІЗ ҮШІН МАҚТАНЫШ”

Сыр өңірінде спорт саласын серпінді дамыту мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылууда. Атап айтқанда аймақтың спорттық инфрақұрылымын ілгерілету ерекше басымдыққа ие.

Облыс орталығы мен аудандарда 10-нан аса соңғы үлгідегі спорт кешені пайдалануға берілді. Осы ілімді істердің қайтарымындай спортшыларымыз да жыл басынан бері Әлем және Азия чемпионаттары мен кубоктарынан 1 алтын, 1 күміс, 3 қола медаль жеңіп алса, ҚР чемпионаттары мен кубоктарынан 28 алтын, 39 күміс, 56 қола медальға қол жеткізді.

Өңірде бұқаралық спортпен айналысушылар саны да жылдан жылға артып келеді. Қазіргі таңда 342 223 адам спортпен жүйелі түрде шұғылданады.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Nomad Wrestling турнирінің екі дүркін чемпионы Азамат Бақытовпен кездесіп, спортшыны кезекті жеңісімен құттықтады.



– «Сыр топырағынан түлеп ұшқан, қазақтың намысын қорғайтын, әлемдік додаларда көк туын желбірететін спортшылардың көбейгені – біз үшін мақтаныш. Сенің спорттағы жетістіктерің жастар үшін үлгі, табандылықтың, тәртіптің және нағыз балуан рухының символы. Алдағы уақытта да жеңісті күндерің көп болып, еліміздің мәртебесін арттыруға атсалыса бергейсің», - деді Н.Нәлібаев.

ТУРИСТЕР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ МӘСЕЛЕ

Елімізде туризм жыл сайын дамып келеді. Мәселен, 2024 жылы ішкі туристер саны 10,5 млн адамды, шетелдік келушілер 15,3 млн-ды құраған. Бүгінде 87 ел үшін визасыз режим қарастырылған, 107 шет мемлекеттің азаматтары визаны электронды түрде рәсімдеуге мүмкіндігі бар. Сондай-ақ шетелдіктердің біздің елге кіру және болу рәсімдері жеңілдетілген. Бүгінгі таңда шетелдіктер тіркелу үшін полицияға барудан босатылды, қабылдаушы тарап бұл рәсімдеуді онлайн жүзеге асыра алады. Шетелдік қонақтар үшін қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдерінде қажетті және пайдалы ақпаратты қамтитын арнайы мобильді сайт құрылды.

Өңірлерде туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шет тілдерін меңгерген туристік полиция қызметкерлері жұмыс істейді. Туристік орындарда бейнебақылау жүйесі орнатылған, жеке тасымалдаумен айналысатын адамдармен профилактикалық жұмыс жүргізіледі, транзиттік көлік жүргізушілеріне көмек көрсетіледі.

Осы аптада өткен Үкімет отырысында қаралған екі мәселенің бірі туристердің еліміздегі жайлы әрі қауіпсіз демалысын қамтамасыз ету болды. Бұл ретте Үкімет басшысы О.Бектенов:

– Мемлекет басшысы туризм индустриясы экономикалық өсімінің маңызды драйвері екенін бірнеше рет атап өтті. Біз Қазақстанның шетелдік туристерге достық пейілі бар, емін-еркін демалуға қолайлы ел ретінде тартымдылығын арттыру үшін қажетті жағдай жасауымыз керек. Бұл бағытта ауқымды жұмыс атқарылууда. Халықаралық әуе қатынастарының, теміржол және автокөлік бағыттарының географиясы кеңейтілуде. Шетелдік азаматтар үшін көпші-көн рәсімдерін жеңілдету қолға алынды. Келген қонақтардың емін-еркін әрі қауіпсіз демалысына ерекше көңіл бөлініп отыр.

Туристік өнімдерді нақты туристік топтардың, әсіресе, шекаралас өңірлердегі туристерге бейімдеген жөн. Мұның шағын және орта бизнестің қызметіне ғана

емес, сондай-ақ бағдарламалық-цифрлық өнімдерге де қатысы бар. Туристік локацияларда сапалы ұялы байланыс пен интернет болуға тиіс. Қонақ үйлер мен туристер жиі баратын басқа да орындарда қызмет көрсету сапасы мен қауіпсіздік деңгейіне, сондай-ақ баға саясатының қолайлы болуына назар аудару керек. Туристер үшін келген сәттен бастап, бүкіл сапар маршруты бойынша және елден кеткенге дейін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету қажет», — деді.

Туризмді дамыту бағытында біздің аймағымызда да кешенді жұмыстар жүргізілуде. Аймақтың туристік тартымдылығын арттыру бағытында жаңа автовокзал, “Қорқыт Ата” әуежайы терминалы пайдалануға берілді.

Жол инфрақұрылымы да дамып, жақсы жолдар үлесі артып келеді. Жол бойында заманауи қызмет көрсеті орындары қатары да көбеюде.

Сондай-ақ аймақта орналасқан “Байқоңыр” ғарыш айлағы, “Қамбаш” көлі, “Арал” теңізінен бөлек, киелі, аруақты орындар да туристер үшін тартымды. Жыл сайын саны көбейіп келе жатқан шипажайлар да аймаққа келушілер санының артуына ықпал етіп отыр. Көркі мен келбеті қаладан кем емес Нағи Илиясов ауылы былтырғы жыл қорытындысымен еліміздегі туризм дамыған санаулы ауылдар қатарына қосылды.

Үкімет жиынына секторлық режимде қосылған облыс әкімі Н.Нәлібаев Үкімет отырысынан соң аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте шетел азаматтарының елде болу кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты:

– Шетел азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде туристік полиция бөлімшесін ашу мүмкіндігін зерделеу керек. Өңірге келуші туристерге қызмет көрсету сапасын арттыру, қонақүй, мейрамхана бизнесінің сервистік қызметті жетілдіру, гидтерді даярлауда үздік мамандарды қатыстырып семинар-тренингтер ұйымдастыруды қамтамасыз етіңіздер», — деп тиісті сала басшыларына тапсырма берді.

ЖАНҚОЖА БАТЫРДЫҢ ҚЫЛЫШЫ

Қазалыдағы "Руханият орталығы" ашылды. Орталық ашылғаннан кейін Ұлттық мұражайдағы Жанқожа батырдың қылышы уақытша осы орталыққа қойылды. Бұл құнды жәдігерді ақпан айында Парламент мәжілісінің депутаттары Ардақ Назаров және Айдарбек Қожамжаров Ұлттық мұражайға тапсырған болатын.

Қылыш Украина елінен табылды. Ол жақтағы мамандардың айтуынша қылыш XIX ғасырдағы қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхамедовтікі дегесін Ардақ пен Айдарбек сараптама жүргізіп, қылыш шынымен батырдікі болғасын, сатып алған еді.

Қылыштың сипаты: ұшынан сабына дейін 900 мм, жүзінің ұзындығы 830 мм, ені 39 мм, жүзінің ені 28мм, жоғары сапалы болаттан құйылып жасалған. Қылыштың сабының жалпақ бетіне" Созақ 1845"- деп жазылса, екінші бетіне "Жанқожа Нұрмұхамед баһадүрге сауғат (сыйлық)" - деген жазу ойылып жазылған. Бұл қылышты Созақ бекінісін әскерімен келіп қоқандықтардан азат еткендігі үшін қазақтың соңғы ханы Кенесары арнайы соқтырып жасатқан.

Биылғы Құрбан айт алдында батырдың ұрпақтары бабасының қылышын көруге Руханият орталығына келді.

Киікбай батырдың Нұрымбеті, яғни Нұрмұхамедінен Жанқожа батыр дүниеге келсе, Нұрымбеттің інісі Өтегеннен Мұратбай дүниеге келеді. Осы Мұратбайдан Нұрсұлтан Ерсұлтан, Құлжахан, Роза, Гүлсайа дүниеге келген.

Суреттегі Ерсұлтанның жары Патшагүл қыздары Камила мен Әлмира және немересі Әділет. Роза немересі Абылайханмен бірге батыр қылышын тамашалап тұр.

Жанқожа батырдың рухы бәрімізді желеп жебеп жүрсін. “Руханият орталығы” расында да рухани орталық болып тұр.

Б.ТҮМЕНБАЕВ



Елдің күн көргені – егін. Тірлігі де сол. Зауыт, фабрика болса, өндіріске кетер еді, алайда өртеден өтігімен су кешіп, кетпенімен атыз аралап, күріш егуге, одан қалды қажетті көкөнісін қамтамасыз етуге қам боларлық бақша егуді дәстүр етіп қалыптастырған егінші ел үшін ең аса бірінші қажеттілік – су.

ҮКІМЕТ

СУДЫҢ ТӨМЕН ДЕҢГЕЙІ ӨНІМДІ ТӨМЕНДЕТПЕЙДІ...

Бұрын қалай келісіліп, қалай жоспарланғанын әлде де білетіндер бар болар, дегенменен бүгінде көп жұрт үшін атызға лап қояр су тапшылығы бары рас.

Осыдан біршама уақыт бұрын Үкімет басшысы О.Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет жиынында Экология және табиғи ресурстар министрі Е.Нысанбаев:

– “Еліміздің көптеген өңірінде ыстық, әрі құрғақ ауа райы, дегенмен өңірлерде, тау бөктерлері мен оңтүстіктің шеткері аймақтарында жауын-шашын көлемі климаттық нормаға жақын мөлшерде болады деп болжам жасалуда” - деген еді.

Өкінішке орай, құрғақшылық қаупі жоқ деген Қызылордада жеткілікті көлемде жауын-шашын болмады. Аптап ыстық атыздардың аңқасын келтірді...

Сол жиында Су ресурстары және Ирригация министрі Н.Нұржігітов ауыл шаруашылығына жыл сайын бөлінетін 15 текше шақырым судан шамамен 12 текше шақырымы тұрақты суаруға жұмсалатынын, ал оның 98%-ы еліміздің оңтүстігіндегі Алматы, Жетісу, Жамбыл Түркістан, Қызылорда облыстарына тиесілі екенін баяндады.

Оның айтуынша:

– Арал-Сырдария бассейні бойынша Мемлекетаралық үйлестіру су шаруашылығы комиссиясының болжамды кестесіне сәйкес, 1 сәуірге Шардара су қоймасына келетін су көлемі 10,9 млрд. текше метр деңгейінде күтілген, нақты келіп түскені – 12,6 млрд. текше метр, яғни болжамнан 1,7 млрд. текше метрге артық. Вегетация кезеңіне Шардара су қоймасына шамамен 3,7 млрд. текше метр көлемінде су келетіні көзделген. Сәуір айында су қоймаға 1 млрд. текше метр су келді, ал мамырдың алғашқы онкүндігінде 54 млн. текше метр түскен, бұл болжамнан 231 млн. текше метрге кем. Мұндай төмен көрсеткіш Сырдария өзенінің тармақтық ағынының азаюымен байланысты. Осыған орай Шардара су қоймасына тұрақты су келімін қамтамасыз ету мақсатында Министрлік Нарын Сырдария су қоймалары каскадының Мемлекетаралық үйлестіру су шаруашылығы комиссиясының аясында бекітілген жұмыс режимін сақтау бойынша көршілес елдермен жүйелі жұмыс жүргізуде.

Түркістан және Қызылорда облыстарында тәуекелдер сақталуда: 6 мамырдағы жағдай бойынша бассейн­дегі су қоймаларының орташа толымдылығы – 75%, бұл өткен жылмен салыстырғанда 498 млн. текше метрге аз. Өрине, мұндай жағдайда егін егіп, одан көп өнім жинап, қамба толтырып, ел ырысын арттырамын деудің өзі де тәуекелдің нақ өзі. Су тапшылығы, құрғақшылық быылға ғана тән жағдай емес. Тапшы судың тамшысын да текке жібермей су үнемдеп, былтыр еккен егінінің көлемімен еп алдына шыққан қызылордалықтардың су үнемдеу әдісі көпке үлгі. Қызылордалықтардың үлгілі ісін көпке тарату мақсатымен де Үкіметтің осы жиынында облыс әкімі Н.Нәлібаевқа сөз берілді.

Тапшылық тарықтырғанменен, құрғақшылық қорқытқанменен бәрібір Қызылорда облысы қалай болғанда да егін көлемін, оның ішінде күріш егуді көп қысқартпай келеді. Өйткені күріш – елдің табыс көзі. Әкімнің өз сөзімен айтар болсақ:

– *«Биыл Қызылорда облысында 193 700 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Үкіметтің Жол картасына сәйкес күріш 80 900 гектарға жоспарланған, өткен жылмен салыстырғанда 4700 гектарға қысқартылады. Шаруашылық құрылымдары тұқыммен толық қамтамасыз етілген, 4046 ауыл шаруашылығы техникасы жөнделген, 10 мың тонна дизель кестеге сәйкес облысқа жеткізіліп, тартылуда. Бүгінде ерте егілетін ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылып болды. Күріш себу 21 сәуір күні басталып, бүгінгі күні 37500 гектары егілді, 26 700 гектары суға бастырылды.*

Ауа райы ерте жылынуына байланысты күріш себу жұмыстары да ерте басталып, еісті суға бастыру үшін жоғарыдан келетін су көлемі төмендеу болуда. Суды тиімді пайдалануда 357 насос қондырғы дайындалып, оның 53-і жұмыс жасап тұр, қалғаны қашыртқыға су тасталған соң суды екінші мәрте пайдалану үшін іске қосылады. Күріш алқаптарын лазерлік тегістеу көлемі 60 мың гектарға, ал су үнемдеу технологияларын пайдалану 9200 гектарға жеткізіледі.

Қоймаларға жиналған және жоғарыдан келетін судың болжамына сәйкес, биыл 3 млрд. 902 млн текше метр су лимиті белгіленген. Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының отырысында «Шардара» су қоймасына жоғарыдан қосымша 3 млрд. 700 млн. текше метр су түсуі белгіленді. Мамыр айында секундына 330 текше метр су түсуі жоспарланғанымен, бүгінде 57,6 текше метр немесе жоспардағының 17,4%-ы ғана түсуде. 12 мамырдағы жағдай бойынша «Шардар» су қоймасы мен «Көксарай» су реттеішіндегі су көлемі 4 млрд. 821 млн. текше метр, бұл былтырғыдан 700 млн. текше метрге кем.

Вегетациялық кезеңді тұрақты өткізу үшін Сырдария өзенінің жоғары ағысында орналасқан көрші мемлекеттермен келіссөздер жүргізіп, «Шардара» су қоймасына жоғарыдан кемінде 2,5 млрд. текше метрсутүсуінеықпалжасаужөнінде тиісті министрліктерге ұсыныс берілді. Үкімет тапсырмасына сәйкес, министрліктермен бірге тиісті жұмыстар атқарылады».

Бұл осыдан тура бір ай бұрынғы үміт, іс-қимыл. Айтпақшы Үкіметтің осы бір ай бұрынғы жиынынан кейін іле-шала өткен облыс әкімдігіндегі Н.Нәлібаевтың төрағалығымен өткен жиында әкім сала басшыларына қатаң талап қойды.

Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев:

– «Орталық атқарушы органдар мен өңір әкімдеріне көктемгі егіс жұмыстарын бақылауға алу тапсырылды. Өңіріміздегі егін шаруашылығының жайы Сырдария өзеніндегі су деңгейіне тікелей байланысты. Қазірсуресурстарының тапшылығы жаһандық мәселеге айналды. Президентіміз суды неғұрлым тиімді пайдалану, су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу мен цифрландыруға баса назар аударуда.

Өртараптандыру – бүгінгі күн­нің басты талабы. Сондықтан су тапшылығы жағдайында күріш көлемін оңтайландырып, өзге дақылдар егісін ұлғайту – маңызды қадам. Қала, аудан әкімдері, қазіргі қалыптасқан су тапшылығы жағдайында күріштен басқа дақылдар көлемін арттыруда нақты шаралар қабылдаңыздар».

Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы “Қазір су ресурстарының тапшылығы жаһандық мәселеге айналды” деп текке айтып отырған жоқ. Өлемде өзен арналары тартылып, көлдері суалып бос қалған қалалар, елді мекендер қаншама...

Жақында ғана Астана экономикалық форумы болып өтті. Өлемнің әр түкпірінен жиналған аналитиктер, эксперттер талай ойды ортаға салды. Соның бірі «Су

технологияларын енгізу бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда, суару жүйелерін құру мен тамшылатып және жаңбырлатып суару жабдықтарын сатып алуға арналған шығындарды субсидиялау үлесі 50%-дан 80%-ға дейін артқан.

Үшіншіденсусекторынцифрландыру – бүгінгі күн талабы. Бірыңғай су кадастры қалыптастырылатын Hudro.gov.kz цифрлық платформасы құрылуда. 3,5 мың шақырымнан астам суару арналарын цифрландыру және су есебін жүргізу жүйесін автоматтандыру жұмыстары жүргізілуде.

Төртінші. Су ресурстары саласындағы заңнаманы жетілдіру. Экологиялық және технологиялық заманауи талаптарды ескере отырып, су ресурстары саласындағы заңнама жаңартылуда.



қауіпсіздігі – Орталық Азияның тұрақты болашағына арналған негізгі инвестиция» тақырыбындағы сессиясы өтті. Осы сессияда Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев баяндама жасады. Текке емес. Суға деген қажеттіліктен.

Ресми ақпарат бойынша ол өз баяндамасында климаттың жылдам өзгеруі жағдайында Орталық Азия елдері су ресурстары саласындағы мәселелердің ұлғаюымен бетпе-бет келіп отырғанын, бұл өзен суының азаюы, құрғақшылық пен су тасқындарының жиілеуінен суды тиімді пайдалану мәселесі мемлекеттік саясат деңгейінде басты басымдықтарының біріне айналғанын баса айтты.

Қанат Бозымбаев баяндамасынан белгілі болғаны Су шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту және жаңғырту керек. Ол үшін 42 жаңа су қоймасын салу және 30 қолданыстағы су қоймасын реконструкциялау, сондай-ақ 14 мың шақырымнан астам суару арналарын жаңғырту жоспарланған. Бұл суармалы жерлердің көлемін арттыруға, төтенше жағдайларға төтеп беруге және экономиканың түрлі салаларын тұрақты сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Екінші. Су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру қажет. Қазақстан ауыл шаруашылығында суды үнемдеу

Бесінші. Халықаралық ынтымақтастықты нығайту. Қазақстан трансшекаралық су ресурстарын ұтымды пайдалану мәселелері бойынша көршілес мемлекеттермен белсенді ынтымақтастық орнатуда. Үкіметаралық бірқатар келісімге қол қойылып, гидрологиялық және гидрохимиялық ақпарат алмасу жүзеге асырылып, су пайдалану режимдері келісініп, төтенше жағдайлар кезінде бірлескен іс-қимылдар үйлестірілуде.

Аралды құтқару халықаралық қоры (АҚХҚ) аясындағы ынтымақтастыққа ерекше назар аударылуда. Қазақстан Қор шеңберіндегі міндеттемелерге әрдайым берік екенін көрсетіп келеді және оның ұйымдық құрылымы мен шарттық-құқықтық базасын одан әрі жетілдіруді қолдайды.

Бүгінгі күнгі ақпаратқа зер салсақ: маусымның 5-індегі жағдай бойынша Сырдария өзенінен 955 миллион текше метр су алынған, оның 790 миллион текше метрі егістікке берілген екен.

Ресми ақпарат бойынша Сырдария өзенінің суын тиімді пайдалану үшін бірқатар маңызды шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 357 насос қондырғысы дайындалып, бүгінде оның 162-і қосылған. Су үнемдеу мақсатында магистральді және шаруашылық каналдарымен су кезектестіріліп беріледі. Күріш егістігін лазерлік тегістеу жұмыстары да жүргізілуде, бүгінде оның көлемі 60 мың гектарға жеткен. Су үнемдеу технологиялары бойынша жұмыстар 9,2 мың гектар аумақта жүзеге асырылуда.

Жалпы су қоймаларында жиналған, жоғарыдан келетін су көлемінің болжамына сәйкес биыл 3,9 млрд. текше метр су лимиті белгіленген. Осыған сәйкес 193,7 мың гектарға дақыл егілсе, соның ішінде күріш 80,9 мың гектар екен.

Өрине, “жаздың бір күні – жылға азық” деп жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген егінші, дихан қауымның еккенін сусыз қалдырғысы келмеген жанталасы жергілікті билікті де жанталастыратыны анық. Күні кеше облыс әкімі төрағалығымен егіс алқаптарын суармалы сумен қамтамасыз ету мәселелерін қараған, қамта, аудан әкімдері, сала басшылары түгел қатысқан тағы да үлкен жиын өтті. Облыс әкімі Н.Нәлібаев тиісті амандарға, басшыларға “егіс алқаптарын суармалы сумен қамтуды күнделікті бақылауда ұстау керек. Су ресурстарын ұтымды және үнемді пайдалануға бағытталған шараларды күшейтіңіздер. Бұл ретте су үнемдеу технологияларын қолдану, егін

алқаптарын кезектестіріп суару, лазерлік тегістеу әдістерін кеңінен енгізу секілді тиімді тәсілдерге басымдық берілуі тиіс” деп тапсырма берді.

Оның үстіне Су ресурстары және Ирригация вице-министрі Нұрлан Алдамжаров та кешегі демалыс күндерін Сыр бойына ресми сапарға айналдырды. Мәселен, ол Жаңақорған ауданында болып, егістік басында егінші қауыммен кездесті.

Кездесу барысында Жаңақорған ауданы әкімі Мажит Самитов өңірімізде қалыптасқан су тапшылығының алдын алу үшін ауданда арнайы штаб құрылып, шаруашылық егістіктерін аралағандығын және шаруашылық құрылымдарына түсіндірме жүргізіліп күріш алқаптарын кезектесіп суғару тәсіліне көшіп жатқандығы жөнінде айтып өтіпті. Аудандық су шаруашылығы өндірістік учаскесінің басшысы А.Ахметов егілген

күріш көлемін қазіргі су жағдайына кезектесіп суғару пикеттер арқылы жүзеге асырып жатқандығы жөнінде баяндапты. Вице-министр Нұрлан Жанұзақұлы шаруашылық иелеріне орын алып отырған су жағдайын тереңірек түсіндіріп су үнемдеудің негізгі жолы егістік жерлерді лазерлі тегістеуден өткізу қажеттілігін айтқан. Тегістеуден өткен жерлерге шығын болған су көлемдерін 85 пайызға дейін субсидиялау тетіктері бүгінде министрлік арқылы қарастырылып жатқандығын жеткізіпті.

Жалпы Сырдария өзеніндегі су деңгейінің төмен болуына байланысты суды үнемдеп, суды аз қажет ететін дақылдарды егуге егіншілерді ынталандыру Үкіметтің де үмітіне айналып отыр.

Елдемалғандемалыстадемалмаған Су ресурстары және Ирригация вице-министрі Н.Алдамжаров Қазалы ауданының да шаруашылық жетекшілері, су бөлімшелері, шаруашылық басшыларымен кездескен. Ол Қазалыға жұмыс сапары барысында аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет, «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы Зейнулла Қазтоғанов және тиісті сала басшыларымен бірге Басықара ауылындағы Ә.Тыныбаев атындағы су торабы мен аудандағы күріш егумен айналысатын шаруашылық «Жалаңтөс батыр» ЖШС-нің егіс алқабына барды.

Аудан әкімі вице-министрге биыл Қазалы ауданы бойынша 18245 жерге ауылшаруашылығы дақылдары, оның ішінде күріш дақылын 6436 гектар жерге орналастыру жоспарланғанын, алайда, Сырдария өзеніндегі су деңгейінің төмендеуіне байланысты суды үнемдеу мақсатында күріш белгіленген жоспардан 800 гектарға кем, яғни 5636 гектарға орналастырылғанын баяндады.

Нұрлан Жанұзақұлы алдағы уақытта Сырдария өзеніндегі су деңгейі төмендеген жағдайда жоғары магистралды каналдардан арнайы насостар арқылы төменгі каналдарға су жіберу мақсатында тиісті жұмыстар жасалатындығын, сонымен қатар тиісті сала басшылары мен шаруашылық басшыларына мүмкіндігінше суды тиімді пайдаланып, тиісті өнімді алуға бірлесе жұмыс жасау керектігін жеткізді.

Бүгінде Қазалы ауданы бойынша күріш егумен 9 шаруашылық айналысады екен. Қазіргі таңда барлық шаруашылық бойынша егілген 5636 гектар күріш дақылның барлығы толықтай суға бастырылған.



пен ӘЖІМ

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ЖАЙЫ ҚАНДАЙ?

Биылғы оқу жылы аяқталуына орай балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселелері қаралған Үкімет жиынында негізгі көп мәселелер қамтылды. Құн тәртібіне орай баяндама жасаған Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтан бастап, баяндама жасап, сөз сөйлегендер аз болған жоқ.

Балаларды жазғы лагерьмен қамтудан бөлек, бала денсаулығы, қауіпсіздігі де қалыс қалмады.

Мәселен, биыл елімізде оқушылардың жазғы демалысы кезінде 191 қала сыртындағы, 10 мыңнан астам мектеп жанындағы, шатырлы және киіз үй демалыс орындары жұмыс істейді екен. Демек, лагерьдің түр-түрі бар. Негізі 3,2 млн. балаға жазғы сауықтыру шаралары арналған. Бұдан бөлек 936 мектептен тыс мекемеде 500 мыңнан астам бала қосымша білім алады еен. Демек, жазғы каникул – көңілді демалыс, жазғы сауықтыру, қосымша білім алу кезеңі.

Осының бәрін тыңдаған Үкімет басшысы О.Бектенов сала басшыларымен қатар өңір әкімдеріне “бірде-бір бала назардан тыс қалмауға тиіс. Көп балалы, аз қамтылған, тұрмысы төмен отбасыларынан шыққан балаларды қолдануға басымдық берілсін” – деп тапсырды.

Қызылорда облысында биылғы оқу жылында 300 мемлекеттік, 39 жекеменшіктегі, жалпы 339 мектептен 184924 оқушы каникулға шығады екен. Оқу жылының аяқталуы, жазғы каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын ұйымдастырудың арнайы кешенді жоспары бекітілген. Жоспар бойынша 172116 оқушыны жазғы демалыспен қамту жоспарланған. Қала сыртында орналасқан 8 лагерьде, орталықтарда 7 ауысымда 7 мыңнан астам бала демалыспен қамтылады. Лагерьлерде ағымдағы жөндеу жұмыстары толық аяқталып, материалдық-техникалық жабдықтауы жаңартылған. Сондай-ақ “Қазақстан халқына” қоры да қызылордалық оқушылардың жазғы каникулының қолдаушысы, демеушісі болып отыр. Қор арқылы 800-ге тарта оқушы Түркістан, Ақмола облыстарына саяхаттап, демала алады. Сондай-ақ демеушілер менен кәсіподақтар есебінен 4583 оқушы Алматы, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласындағы сауықтыру лагерлерінде тынығады.

Жалпы соңғы жылдары Қызылордада балалар мен жасөспірімдерге арналған керемет жағдайлар жасалуда. Мәселен, соңғы үш жылда білімге бөлінген қаржы 304 млрд. 600 млн. теңгеге жетіп, 32 пайызға артқан. Әрі білімге бөлінетін қаржы облыс бюджетінің 43%-ын құрайды, демек жарыға жуығы. Білім берудегі тағы бір өзгерістердің бірі бұдан екі жыл бұрын жүктемесі ауыр мектептерге қосымша құрылыс салынып, үш ауысымдық оқу деген жойылды. Бір ғана жылдың өзінде, яғни өткен жылы осы білім беруді жақсарту бағытында 13 ғимарат пайдалануға берілген екен. Ұлттық жоба аясындағы құрылысы жоспарланған 10 мектептің 6-ында бүгінде оқушылар оқып жатыр. Қалған 4-і жыл соңында беріледі деген жоспар бар. Бір қызығы соңғы үш жылда 3 Оқушылар сарайы ашылыпты. 2 Өнер мектебі балаларды өнерге баулып жатыр.

Биылғы оқу жылының аяқталуына орай қалалық мәдени-демалыс паркі де ашылды. Парктегі аттракциондар түгелдей жаңартылып, жаңа келбетке еніп, балалар үшін керемет базарлық болды. Жазғы каникулда көңілді демалғысы келген балалар, жасөспірімдер, жастар үшін паркте аттракциондардың түр-түрі бар. Айта кету керек, жаңа, әсем, заманауи паркті елімізге белгілі “Bi CloBa” компаниясы 1 маусым – Балалар мерекесі күні Сыр бойына сыйға тартты. Балалар мен жастардың уақытын көңілді өткізуіне бағытталған заманауи демалыс паркі Жаңақорған ауданында, Сырдария ауданының Нағи Илиясов ауылында да пайдалануға берілді.

Қазір Президент саябағы, қаладағы Б.Шөкенов атындағы парк пен Қорқыт Ата мемориалды аллеясы да жаңғыртылуда. Өрине мұның барлығы болашаққа жасалып жатқан игі қадамдар.

Оқу жылының аяқталуына орай Үкімет басшысының төрағалығымен өткен Үкіметтің сол жиынында Үкімет басшысы “Туризм министрлігі – балалар туризмінің географиясын кеңейту үшін әкімдіктермен өңіраралық өзара іс-қимылды жолға қоюы қажет” – деп тапсырма берген болатын. Оның айтуына “Балалар еліміздің көрікті жерлері мен бай мұрасын танып-білуге тиіс”.

Сыр елі – мәдени мұраларға, тарихқа бай өлке. Осы мұраны, тарихты топтастырып, жинастайтын жасанды интеллект мүмкіндіктері арқылы экспонаттар жаңа технологиялармен таныстырылатын облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ғимаратының 1 маусым – Балаларды қорғау күні ашылғанының да үлкен мәні бар. Бұл ғимараттың ашылуы ұлтымыздың тарихи, қазақ атауының қайтарылғанының, Қызылорда қаласының қазақ елі астанасы болғанына 100 жылдық мерейтойына үлкен тарту екені сөзсіз. Сондай-ақ ел, жер тарихын, халықтың салт-дәстүрін, өткені мен бүгінгісін танып білуде балалар мен жасөспірімдер, жастар үшін орны бөлек екені де даусыз.

Жазғы каникулда қарап жүрмей, еліміздің, өңіріміздің тарихын білгісі келетін, зерттегісі келетін балалар үшін жаңа мұражай есігі қай кезде де ашық.

Жазғы каникул кезінде қосымша білім аламын, талантымды ұштаймын дейтін талаптылар мен таланттылар үшін жақында ғана Балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық-инновациялық академиясының ашылғаны да үлкен қуаныш болды. Академияда бір мезетте 500 оқушы әртүрлі үйірмелерге қатыса алады. Мұнда тәулігіне 3 мың оқушыға дейін қабылдай алады. Мұнда бассейн, топтық жаттығу бөлмесі, көркем гимнастика және фитнес залы орналасқан. Сондай-ақ үстел ойындарына арналған кабинет, жекпе-жек, үстел теннисі залдары бар. Барлық залда ұлдар мен қыздарға арналған жеке-жеке киім ауыстыру бөлмелері қарастырылған. Көркемдік-эстетикалық бағытта кескіндеме, сурет салу, резин арт бөлмесі, балалар шығармашылығы шеберханасы, сәндік-қолданбалы өнер, FabLab, дыбыс жазу студиясы, робототехника және жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, КИП және автоматтандыру, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді.

ДЕМАЛЫС САЯБАҒЫ АШЫЛДЫ



Кешегі 5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау және Экологтар күні аясында Қазалыда ашылған Қазалы мәдени-демалыс кешеніндегі Отбасылық демалыс саябағы қазалылық балалар үшін тіпті қуаныш болды. Жалпы аумағы 20 гектарды құрайтын абаттандыру және құрылыс жұмыстары жүргізілген бұл кешенге жергілікті бюджеттен қаржы бөлінумен қатар, аудан кәсіпкерлері де тарапынан демеушілік жасаған. Саябақтың ашылу рәсіміне тоқталсақ, Отбасылық демалыс саябағының ашылу рәсіміне аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет пен зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, ел ағалары және аудан тұрғындары мен қонақтар қатысқан. Шараға қатысушы қонақтар алдымен салтанатты түрде саябақтың лентасын қию рәсіміне қатысып, мәдени-демалыс кешенді аралаған. Енді саябақ жайына келсек, Мәдени-демалыс кешен «Жеңіс» саябағы және Отбасылық демалыс саябағы сынды екі бөліктен тұрады. Онда «Даңқ», «Тағзым», «Киелі қазақ

елі», «Ғашықтар» аллеялары және тамақтану орындары, спорт және балалар ойын алаңдары, аттракциондар, аквапарк, жасанды көлшік сынды нысандар жұмыс жасауда. Кешендегі «Тағзым» аллеясында қазақ халқының тарихын, батыр бабаларымыздың жүріп өткен ерлік жолын бүгінгі ұрпаққа үлгі ету, дәріптеу мақсатында тарихи-мемориялдық ескерткіштер орналастырылған.

Сонымен қатар кешенге көгалдандыру және экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында түрлі жеміс ағаштарымен қатар қарағай, ақжайың, туя, үйеңкі, катальпа, сыр талы сынды 20 мыңға жуық ағаш көшеттері отырғызылыпты.

Аудан әкімі М.Шермағанбет сөзімен айтар болсақ, “заманауи талаптарға сай жабдықталған саябақ енді аудан тұрғындары мен қонақтарының салауатты өмір салтын ұстануына, отбасы мүшелерінің бірге тиімді уақыт өткізуіне мүмкіндік береді”.

«ШАҒАЛА» ЛАГЕРІ МАУСЫМДЫ БАСТАДЫ

Премьер-министр келесі тапсырмаларға жеке тоқталды:

- Өңірлердің әкімдіктері мен Оқу-ағарту министрлігі – Мемлекет басшысының сауықтыру лагерлері мен балалардың инновациялық шығармашылық орталықтарын салу жөніндегі тапсырмасын іске асыруды жеделдетсін. Барлық нысан белгіленген мерзімде пайдалануға берілуге тиіс;
- Туризм министрлігі – балалар туризмінің географиясын кеңейту үшін әкімдіктермен өңіраралық өзара іс-қимылды жолға қоюы қажет.

Үкімет жиынынан
20 мамыр, 2025

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығында өткен лагердің жазғы маусымның ашылу салтанатына қатысты.

Тынығу лагерінің ашылу салтанатында аудан басшысы балалардың жақсы тынығып, уақыттарын тиімді пайдалануларына тілектестігін білдірді. Сондай-ақ еліміздің ертеңгі тірегі болатын балалардың болашақтарының жарқын болуы, жайлы да жақсы өмір сүрулері үшін ауданда атқарылып жатқан жұмыстар жайында айтып өтті. Ал, өнерлі жеткіншектер ашылу салтанатына келген қонақтар мен ата-аналарына өздерінің концерттік бағдарламасын ұсынды.

Аудан басшысы ашылу салтанатынан кейін лагерді аралап көріп, аудандық білім бөлімінің басшысы мен орталық директорына ең әуелі балалардың қауіпсіздігін басты назарда ұстауды тапсырды.

Демалыс лагері биыл жылдағы дәстүрге сай жазғы маусымда 7 ауысым ұйымдастырып, әр ауысым бойынша 125 оқушыдан, барлығы 900-ге



жуық баланы қабылдамақ. Балалар мұнда бес мезгіл тамақтанады. Олардың уақытты көңілді әрі пайдалы өткізуі үшін 12 тәрбиеші және 13 үйірме тұрақты жұмыс жасауда. Демалушылардың денсаулығына арнайы дәрігерлерде қарастырылған.

«ҚАМБАШ» ЛАГЕРІ АШЫЛДЫ


достар тауып, ауызбіршілік пен ынтымақтың ұйытқысы бола біліңіздер. Дендерің сау, оқуда озат болыңыздар!», - деп жылы лебізін жеткізді.

Сонымен бірге, аудандық аудандық мексикахат төрағасы Б.Төрерахметов пен аудандық білім бөлімінің басшысы С.Жан-назарова қатысып, балалардың қызықты демалыс өткізуіне тілектестік білдірді.

Салтанатты кеште орталық тәрбиеле-нушілері өз өнерлерін ортаға салып, мың-бұрылған бишілер мен жезтаңдай өңшілер көрермендер көзайымына айналды. Шарада лагердің алғашқы легіне келген тынығушылар кешкілік алау отын тұтандырып, естеліктерімен бөлісті. Мерекенің соңы әсерлі от шашумен аяқталды.

Атап өтейік, «Қамбаш» жазғы тынығу лагері биылғы жылы 7 ауысым бойынша 1000-нан астам баланы жазғы демалыспен қамтиды. Ал бүгінгі тынығу лагерінің алғашқы ауысымына 130 бала қабылданды.


"Қамбаштың өзіндік бір ерекшелігі мұнда көңілді демалыстан бөлек, қосымша білім алуға болады.



Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесінде «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығындағы балаларға арналған жазғы тынығу лагерінің ашылуы өтті.

Салтанатты шараға аудан әкімінің орынбасары Н. Бохаев қатысып: «Сіздерді 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау

күнімен шын жүректен құттықтаймын! Міне, тағы бір оқу жылы аяқталып, асыға күткен жайдары жаз мезгілі де келіп жетті. Жадыраған жазғы демалыс – барлық балалардың сағына күтетін айрықша сәті. Жазғы демалыстарыңыздың әрбір күнінің естен кетпестей қызықты сәттерге толы болуына тілектеспін. Тынығу лагерінде жаңа



Қадыр Мырза Өлінің «Жазмыш» атты шығармасында өнер қайраткерлерінің өмірлеріне зерттеу жүргізе келе: - «Александр Блоктың портретін сыртынан іздемей, ішінен іздеу керек. Ол күннен, шуақтан, бұлттан, желден тұрмайды. Геологиялық қыртыстардан тұрады, яки қабат-қабат сырлардан тұрады. Бірақ бәрібір, сыртын түгел игеріп алмай, ішіне ене алмайсың», дегені бар.

Барлық адамды бір қалыпқа салғымыз келіп, кейбір іс-әрекеттерін қисынсыздау көріп, - «Ол неге сөйтті екен, адам да сөйте ме екен?», дейтініміз бар ғой.

Өр адам өзінше жұмбақ. Ақын-құпия. Сәбилігін, пәктігін жоғалтпаған Қомшабай ағамның болмысы шешілуі қиын жұмбақ. Қай кезде жататынын білмеймін, түскі асқа дейін ұйқысынан тұрмайтын. Оянғаннан кейін төргі бөлмедегі кең диванда шалқасынан түсіп жатады да қояды. Бұтында қалың мақталы шалбар, аяғында түіе жүнінен тоқылған шұлық. Екі тізесінің үстінде екі қабат көрпеше. Кейде теледидар көріп отырады. Насыбайды атпайды. Шақсасынан саусағының ұшымен титімдей етіп алып немересін иіскегендей құмарлана иіскеп отырғаны. «Сал жанына салқындық ұнамаған», деп Қомшекеннің жақсы көретін жақсы інісі Зекіров Қайырбай айтқандай жұтатынның бәрін ысқылтым етпей ұрттамайды.

Бойын тік ұстап, аяқтарын нық басып, екі қолынның барын сездіре жүріп келе жатқаны, сал-серілерді көз алдына елестетін. Бет ажары, кескін-келбеті ішкі жан-дүниесінің сұлулығын паш еткендей. Көздері - мейірімді, жылылық сезіліп сәуленеленіп тұрады. Күлкісі - жасандылықтан ада, шынайы. Көздеріне көлеңке түсір-

АЗАМАТ АҚЫН МҰРАТЫ

(Ақын, Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының иегері Қомшабай Сүйініш болмысы жайлы)

мей тұрған қастары қасиеттіліктің айғағындай. Қалтай Мұхамеджанов – «Мұханның (Әуезов) маңдайы Сократтікі емес, өзіміздің маңдай, халықтың маңдайы» деген. Қомшабай аға – қазақтың даласындай кең маңдайлы.

Қомшекеннің ерекшелігі тым тәуіпшіл, әулие-шіл болды. Жүрек талмасы ұстап жедел жәрдеммен ауруханаға түсіп, жансақтау бөлімінде бір аптадан артық ес-түссіз жатты, ақыры қайыр болып аяғынан тұрып айығып шықты. Содан жеті-сегіз жыл бойы үйден шықпады. Шықса әулие іздеп, тәуіп іздеп қана шығып жүрді. Шықты деген жәй сөз. Сапар шекті. Алматы, Атырау, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда облыстарының түкпір-түкпірлеріне барып қайтты. Бір қарағанда төрт құбыласы түгелдей. Алып бара жатқан ауруы да жоқ сияқты. Бұл – тәні сау, жаны сау, тамағы тоқ, уайымы жоқ біздің көзқарасымыз. Ақындардың бәрі жалғыз (М.Мақатаев) екенін түсіне бермейміз. Сырласы да, мұңласы да, яки жалғыз серігі – Ой.

Не тіледі? Әлде зәр, Ем тіледі? Кеуде... Кеуде булығып енгімеді. Жүрегімді, жанымды итше талап, Түбі өлтірсе, ой мені өлтіреді!..., немесе,

Ай да емес, Апта да емес - Күнде елден, Жүз қиянат көресің.

Төртқұбылаңтүгелжандайжүргенмен, Жарым көңіл пендесің, – деп, гөй-гөйіне басып, Асанқайғы бабасымен мұңласып, Сен: - Құлан қайтіп, жылан қайтіп күн көрер» деп күңіренсе, Мен: - *«Адам басқа, Ар басқа, Ғасыр басқа. Айтпасыма болмады, Ашынбасқа! Берікті елдің, Ерікті елдің, Жерін, Кенін, келімсектер жатыр ғой, еміп тегін.*

Тіске жұмсақ жіліктей кемік пе едім?»– деп шамырқанып:

- Қашан барып көріне жатқанша адам, Үйге симай күні-түн көңілі алаң – (өз сөзі) болып, шығармашылықтың ләззатты азабынан, тәнін шөл қысқанда, жанын шер қысқанда дертіне дауа іздеп, ошағынан, отбасынан суырылып шығып әулие-әнбие қайдасың деп тартып отыратын шығар деп топшылаймын.

Л.Н.Толстой күнделігінде: - «Қарапайымдылық – рухани әдеміліктің басты шарты» деп жазыпты. Сыр жұртына, алыс-жақын замандастарына Қомшабай ағаның сүйікті болуы оның атаққұмарлықтан, мансапқұмарлықтан ауылып алыстау ұстаған болмысында. Билік жаққа жалтандап шапан-шапқыт,

мақтау-марапат дәметпеуінде. Қарапайымдылығы өзінің өлеңіндегідей. Сайтандық адамның өз ішінде болатынын бір сәтке де есінен шығармай, «Сап-сап көңілім.» циклды өлең-дерімен өзін-өзі жеңуге ғұмырын бағыштаған. Күрестің ең үлкені – пенделігімнен күресу. Бұл қу тірлік үшін күрестен әлдеқайда биік мақсатты ұлы мұраттарға жетелейтін күрес.

Б.М.Сапарбаевтың облыс әкімі кезінде Қомшабай ағаның 60 жылдық мерейтойы жоғары дәрежеде аталып өтті, құрмет көрсетілді. Бердібек Машбекұлы бас болып, облыстың барлық аудан әкімдері қоштап қымбат бағалы сый-сияпаттар жасап, тарту етілді. Қомшекен солардың барлығын облыстағы жетім балалар үйлеріне, мұқтаж жандарға өз қолымен таратып берді. Қаланың орталығында орналасқан бұрын төрт «дөкей» тұрған, кейін қан құю стансасына берілген үлкен де, сәулетті ғимаратты жекеменшігіне сыйға тартты. - «Қан құйған, қан алған станса деген аты жаман екен» деп Кентай келіспей отыр, соншалықты үлкен үйді не істемекпіз» деп Қомшекен мұндай сыйды қабыл алмады. Екінші рет, бұрындары облыстық партия комитетінің бірінші хатшылары тұрған, барлық жағдайы жасалған екі қабатты ғимаратты ұсынғанда да, - «тегін дүние болушы ма еді, шамадан тыс үлкен екен», деп одан да бас тартты. Бұл да Кентай жеңемізбен келісіліп айтылған жауап болатын. Қадыр Мырза Өлінің «Адам – пенде, әйел – екі есе пенде» дегені өмір шындығы. Ал, асыл жеңгем – Кентай өзі де Қомшабай ағамә сай болып пенделіктен бойын аулақ ұстап, текті атаның текті ұрпағы екендігін танытты. Сол жылдары Қомшекендер үлкен қызы Лаураны Ресейге жиі алып барып емдетіп қарызданып жүретінін білетін едік.

Зауыт-фабриктерге дейін жекешелендіріліп, бір адамның қолына бір-неше өндіріс орындары өтіп кетіп жатқанда, өздері көп қабатты үйдің үш бөлмелі шағын пәтерінде тұрып, қаулықарарымен заңдастырылып беріліп отырған үйді алмағанын, «дені сау адамның шешімі емес екен» дегенбіз. Кейінірек білдім, Қомшекен «Жас Алаш» газетінен «Коттедж көрсемен революция жасағым келеді» дегенді оқып, осы тақырыптан өлең жазған екен. Өлеңнен бір шумақ үзінді:

Дамыл бермей бір шыбындай жанымә, Қара шайға зәр болсам мен, нанымә. Күміспенен күтпеп, аптап алпынмен, Коттеджі анау салған адам қанына, - депті.

Дүниеге тым жақын тойымсыздарды дүниеқұмар демейді. Олардың атауы – дүниеқоңыздар. Болеслав Прустың «Перғауын» романы бойынша түсірілген көркемсуретті фильмнің басталуында: «Тап-таза экран. Малдың бір түйір тезігіне таласып, жан алысып, жан берісіп жатқан екі бөкқоңызды

көрсетеді. Сол осырақ қоңыздардың біреуі өзі үшін илеп алған домалақ тезекті екіншісі тартып алмақ! Мәңсіз, мазмұнсыз, пәтуасыз тірлік. Көрермен солай ойлайды. Көп кешікпей сахнаға адамдар шығады. Олар билік үшін таласады. Таласады да, бостан босқа бөк басында өледі. Авторлардың ойы сондай әдемі. Дүниенің бәрі бөк. Адамдар – қоңыз. Бөкқоңыздар, осырақ қоңыздар, дүние қоңыздар. Ал өмір жалған. Өмір алдамшы.» (Қадыр Мырза Өлі «Жазмыш»)

«Жоқтан бар ғып жаратқан Ием едің, Керек емес байлығың, мансабың да», деп қанағатты ту етіп өр көкірек пен шер көкіректі салыстырып, өңеш пен көмештің ұйқасынан, өңештің – құлқын, яки бөк дүниенің құлы болатынын ескертеді де:

Аштан өліп жатқандай, Аш көздеңіп не керек Құрамай ма ақ маңдай, Кімдейсің бе кебенек? - деп бақиға аттанарда кебенектен басқа ешнәрсе бұйырмайтынын тағы да есіңе салып, иландырады.

Шақырды, шақырмады демеймін, Қомшекеннің үйіне аптасына, айына бір, кейде одан да жиірек барып тұратын едім. Газет, кітап оқығандағы әсерлерімізбен бөлісеміз. Газет-жорналдар алмасамыз. Рухани тояттаймыз. Аға қайтыс болғаннан кейін көп айлар бойы сол ақтарыла әңгімелесетінімізді сағынып, аңсап, алаң көңілмен жүрдім. Жетімісіредім.

Бір барғанымда, - «Жердегі күдекеңдер» қалай? – деді. Мен үнсіз қалдым. – Менің «Гөй-гөйміді» оқымап па едің?, - олар мейманасы тасып, жалғанды жалпағынан басып жүргендер ғой деді. Сөйтсем:

Өле-өлгенше құрғамайтын терлері, Еш болатын ебіл-себіл еңбегі – «Жыртық үйдің Құдайы бар» дейміз-ау, Келіссе оған «күдекеңдер» жердегі, - деп жазыпты.

- Сен осы менің өлеңдерімді неге жаттамайсың?

- Мен жаттайтын өлең жазбайсыз ба? Шындықты шыңға шығып айтқанды ұнатамын, аға.

- Ия, сенің талғамыңды, көкірегіңе қандай өлеңдер құйылатынын білем. Қомшекен өзінің әдепті қалпымен әңгімені әрі қарай өрбіткен жоқ. Ағаның өлеңдері ойлы, мұңлы, не жазса да сарқыла, таусыла жүйкемен жазды, түсініп, сүйсініп оқимын. Менің көкірек сарайыма жігерінді жанитын, намысыңды қайрайтын биік рухты жырлар жарасады.

Ешуақытта өз өлеңдерінен шумақтар, үзінділер оқып, мен мынадай жерде былай жазып едім, деп мысалдар келтіріп дәріптеген емес. Қаншама шығармашылық кештердің басы-қасында жүрсе де ел-жұрт алдына шығып өлеңдерін оқығанын көрмеппін. «Қожанасыр атасына көбірек тартқан, Алдардың қаны аздау» (өз сөзі) ақыңа,

өмір сыры төрден гөрі босағадан анығырақ көрінетініне көзін жеткізіп қана қоймай, сонысынан айнымаған үлгі тұтар ұстанымы бар, әдемілігі мен әдептілігі жымдасқан рухани аға, рухани дос, талай жас таланттарға рухани ұстаз бола білген, халықаралық Алаш әдеби сыйлығының иегері – ақын, драматург Қомшабай Сүйеніштің өзім білетін болмысы осындай.

Әкесі Есіркеп марқұмның Аллаға жалбарынып жүріп сұрап алған жалғыз ұлын, есіміне ешбір жан қызықпаса екен деген ниетпен елеусіздеу, қолысыздау ат таңдап, ескі-құсқы киізбен байланыстырып, **Қомшабай** деп атағаны қандай сәтті болған. Алла тілегін қабыл етті деген осы шығар.

Қомшабай ағаның артында Кентай жеңеміз, тәрбиелі, өнегелі төрт ұлы мен екі қызы, немере-шеберелері қалды. Бар даңқы да, дәрежесі де Қомшекеннің шығармалары, рухани мұралары, көзі тірісінде ел-жұртына сүйікті болған абыройы. «...Әкеден қалған даңқ-дәреже бөрік емес. Балалары оны кие алмайды. Мұржадан шыққан түтін бүкіл ауылды жылыта алмайтыны сияқты, өкенің даңқы баланы даңққа бөлей алмайды.» (Мұстай Кәрім. «Көкейден кетпес балғын шақ») Ұрпақтарының осы қағиданы ұғынып қана қоймай, ұстанымдары да әкесі мен анасының болмыстарына лайық екендіктеріне Қомшекен бақиға аттанғаннан кейін көзіміз жетті. Жыр дүлдүлі Балқы Базардың:

- Анаңыз дегдар сығайдан, Атаңыз асыл құмайдан Екі асылдың сұлыбынан, Сәтті күні біңе ғып,

Жаратты Алла ылайдан, - дегеніндей Қомшабай аға мен Кентай жеңгеміздің ұрпақтарының бөтен болатын реті де жоқ сияқты.

Қомшекен өзінің от басындағы отағасылық қалпын біліп, Кентай жеңемізге назын айтып, базына айтып: **Бәйбішем!**

Қалай тауып алдың мендей

бәйбі сен?!

Қолаң шашың тым ертелеу ағарды, Еркек иттіңқайбір оңған жайлысы ем?..

...Шайқы-бұрқы бәдеуилеу еріңе, Бедел де сен әперетің,Бәйәе сен! –

дегендегі, Қомшекеннің беделіне де, бәйгесіне де Кентай жеңгеміз ортақ деп білемін.

Нұрлы дүние, Қасым сүйген дүние, Еліттіріп, Желіктіріп күйіңе, Міз бақпасқан жатарсың-ау дуылдап, Мен кеткенде мәңгі мекен – үйіме, деп атаның қанынан, ананың сүтінен дарыған асыл қасиеттерімен жанына шық жуытпай ғұмыр кешкен Қомшабай ағаның туғанына 80 жыл толып, бақилық болғанына алты жыл өткенде осылай толғандым.

Артың қайырлы, иманың саламат болғай. Ұрпақтарың мен тілеуқор інілеріңді желеп-жебеп жатқайсың **ЖАҚСЫ АҒА!**

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның (*бұдан әрі- Қоғам*) электр энергиясымен жабдықтау қызметіне шекті баға жобасын талқылау бойынша жария тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдаулар мына мекен-жайда өткізіледі:

- 2025 жылғы 23 маусым сағат 11-00-де Қызылорда облысы, Арал қаласы, Бақтыбай батыр көшесі, 56 (Мәдениет үйі);

- 2025 жылғы 23 маусым сағат 15-00-де Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жеңіс паркі, (Мәдениет үйі);

- 2025 жылғы 24 маусым сағат 10-00-де Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, А.Иманов көшесі, 38 (Жыраулар үйі);

- 2025 жылғы 24 маусым сағат 15-00-де Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі, 11 («Руханият орталығы»);

- 2025 жылғы24маусым сағат 17-00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Қонаев көшесі, 8 (Мәдениет үйі);

- 2025 жылдың 25 маусым сағат 10-00-де Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Мусахан Зұлпыхар көшесі, н/з («Руханият орталығы»);

- 2025жылдың25маусым сағат 15-00-деҚызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Абдиқаримов көшесі, н/з (Руханият орталығы);

- 2025 жылғы 26 маусым сағат 10-00-де Қызылорда қаласы, Жахаев көшесі, 24 (Достық үйі);

Жария тыңдауға қатысу үшін депутаттар, жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдардың, БАҚ, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, тәуелсіз сарапшылар және тұтынушылар шақырылады.

Сонымен қатар, Арал, Қазалы, Сырдария, Жалағаш, Қармақшы, Шиелі, Жаңақорған аудандары және Қызылорда қаласы тұрғындары мен өзге де мүдделі тұлғалар онлайн режимінде де Facebook әлеуметтік желісіндегі Департаменттің ресми парақшасында жария тыңдауға қатыса (https://www.facebook.com/profile.php?id=100030142456862) алады.

Әрбір тілек білдіруші онлайн режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Қосымша сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласуға болады: 8 (7242) 26-23-67, 27-79-74.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Кызылординская распределительная электросетевая компания», сообщает о проведении публичных слушаний по обсуждению проекта цен на услуги электроснабжения АО «Кызылординская распределительная электросетевая компания» (далее- Общество).

Публичные слушания состоятся по адресу:

- 23 июня 2025 года, в 11.00 часов- Кызыл-ординская область, г.Аральск, ул. Бактыбай батыр №56 (Дом культуры);

- 23 июня 2025 года, в 15.00 часов- Кызылординская область,Казалинский район, поселка Айтеке би, парк Женис (Дом культуры);

- 24 июня 2025 года, в 10.00 часов- Кызылординская область, Кармакшинский район, поселок Жосалы, ул. А. Иманова №38 (Жыраулар үйі);

- 24 июня 2025 года, в 15.00 часов- Кызылординская область, Жалағашский район, поселок Жалағаш, ул. Желтоқсан №11 (центр Руханият);

- 24 июня 2025 года, в 17.00 часов- Кызылор-динская область, Сырдаринский район, поселка Тереңозек, ул. Конаева №8 (Дом культуры);

- 25 июня 2025 года, в 10.00 часов- Кызыл-ординская область, Жанакорганский район, поселок Жанакорган, ул. Мусахан Зулпыхар, б/н (центр Руханият);

- 25 июня 2025 года, в 15.00 часов- Кызыл-ординская область, Шиелийский район, поселок Шиели, ул. Абдиқаримов/н (центр Руханият).

- 26 июня 2025 года, в 10.00 часов- г.Кызылорда, ул. Жахаева, 24 (Дом дружбы).

На публичные слушания приглашаются депу-таты, представители местных исполнительных и государственных органов, средств массовой информации, неправительственных организаций, независимые эксперты и потребители.

Вместе с тем сообщаем, что жители Аральского, Казалинского, Сырдарьинского, Жалағашского, Кар-макшинского, Шиелийского,Жанакорганского районов и г.Кызылорда и иные заинтересованные лица смогут принять участие на публичных слушаниях также и в режиме онлайн на официальной странице Департамента в социальной сети Facebook (https://www.facebook.com/profile.php?id=100030142456862).

Каждый желающий может в онлайн-режиме задать свои вопросы и получить на них ответы.

По дополнительным вопросам можно обратиться по телефонам: 8 (7242) 26-23-67, 27-79-74».

“САУТС ОЙЛ” САЛЫП БЕРДІ

Күні кеше 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесінде Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің жаңа ғимараты ел игілігіне табысталды. Салтанатты шараға Премьер-министр орынбасары Ермек Көшербаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Өбенов, Мұрат Ерғешбаев, академик, жерлесіміз, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Жұмаділдаев пен «Саутс Ойл» мұнай компаниясының басшысы Серікжан Сейтжанов, зиялы қауым өкілдері қатысты. Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев жаңа ғимаратта өнерлі жастар тәрбиелене беруіне тілек білдірді.

Колледж ғимаратының ашылу рәсімінде құттықтау сөз сөйлеген аймақ басшысы Н.Нәлібаев: “Өнер қайраткерлерінің лайықты ізін жалғайтын өнер ордасының Сыр

жаңа келбетіне көрік берген музыкалық колледждің ғимаратын салуға демеушілік жасап, қолдау көрсеткені үшін «Саутс-Ойл» компаниясының басшысы, елімізге белгілі меценат Серікжан Сейтжанұлына ризашылығымды білдіремін, - деп осы ғимаратты салу үшін 4 млрд.-тан астам қаржы бөлген “Саутс Ойл” мұнай компаниясының басшысына ел

ғимаратын салуға демеушілік жасап, қолдау көрсеткеніңіз үшін барша Сыр жұртшылығының, өзімнің атымнан шынайы ризашылығымды білдіремін. Ел игілігі жолындағы барлық бастамаңызға сәттілік тілеймін. Алдағы уақытта да бірлесіп жұмыс атқарамыз деп сенемін”, - деді Н.Нәлібаев.

Сол жағалаудан жаңадан ашылған музыкалық колледждің жаңа



мәдениетінің қарашаңырағына айналғанын, «елу жылға жуық тарихы бар Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі Сыр топырағында ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан мәдени мұраның, ұлттық өнердің кемелденуіне зор үлес қосып келе жатқанын, бүгінге дейін оқу орны талапқа сай келмейтін ескі ғимаратта қиындықтарға қарамастан жастарға білім беріп, өнерге баулығанын» атап айтты.

Сондай-ақ аймақ басшысы күн сайын жаңарып, жасарған Сыр өңірінің

алдында алғыс айтты.

Арада бір апта уақыт өтті. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыс әкімдігінде “Саутс ойл” мұнай компаниясының басшысы Серікжан Сейтжановпен тағы кездесті.

Ресми ақпараттардан белгілі болғанындай кездесуде бірлесіп атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар сөз болды.

– “Күн сайын жаңарып, жасарған Сыр өңірінің жаңа келбетіне көрік берген музыкалық колледждің жаңа

ғимаратында студенттерге барлық жағдай жасалған. Үлкен концерт, би залдары, хор бөлмесі бар. Кең музыкалық пәндік кабинеттер жаңа заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Барлық материалдық-техникалық базасы заман талабына сай келетін 200 орындық жатақхана шалғай елді мекендерден келген жас өрендерді қабылдауға дайын.

...Әкім мен мұнай компаниясы басшысы текке кездеспегені анық. Бәлкім тағы бір жаңалық болып қалар.

"ЖАМАНБАЙЛЫҚТАР" ЖАМАН ЖОЛМЕН ЖҮРМЕЙДІ

Бүгінде тек қала, аудан орталығында ғана емес, ауылдарда да жол жағдайы жақсарып келеді. Мәселен Жаңақорған ауданының тау бөктерінде орналасқан Жаманбай батыр ауылының көшелері жөнделуде. Аудандық бюджеттен осы ауылдың А.Ержігітов және Қ.Бейсенбиев көшесіне, осы ауылдық округке қарасты Кеңес елді мекеніндегі К.Жұматаев көшесіне орташа жөндеу жұмыстарына қаржы бөлініп, қазір жөндеу жұмыстары жүруде. М.Кенебаев және А.Жандаралиев көшелеріне толығымен жарық бағаналарын орнатуға да қаржы бөлінді.

Ай басында аудан әкімі Мажит Самитов орынбасары Семсер Сыздықовпен бірге осы көшелерді аралап, жұмыс сапасын бақылады.

Одан әрі ауылдық округке қарасты мәдениет, мектеп, балабақша, медициналық ұйымдардағы санитарлық тазалық, абаттандыру жұмыстары бойынша аралады.

Аудан әкімі “Таза Қазақстан” экологиялық бағдарламасына барлық мекеме қызметкерлері, ауыл жастары белсене атсалысуы қажет. Жеке кәсіпкерлік нысан иелері өз ғимарат ауласын таза ұстап, қаскелбетін қалыпқа келтіріп, өзіне тиесілі аумақты абаттандыруы тиіс екенін атап өтті.



Сондай-ақ аудан әкімі Мажит Самитов сол күні Кейден ауылдық округіне қарасты Аққұм елді мекеніне барып, жақын күндері орташа жөндеу жұмыстары жүргізілетін Н.Нарымбетов және С.Өтегенов көшесінде мердігер мекеменің өкілдерімен кездесті. Аудан басшысы жол сапасына баса назар аудару қажет екендігін, ауыл тұрғындарының ұзақ жылдар бойы айтылып келген өтінішін сапалы әрі уақытылы орындау жөнінде қатаң тапсырды.

«АҚТЕРЕКТЕ» БАЛАЛАР ҚЫЗЫҚТЫ ДЕМАЛУЫ КЕРЕК...



Жалағаш ауданы әкімі Ардак Ибраимов «Ақтерек» сауықтыру лагерінің жаңа маусымға дайындығымен танысты. Лагердің ас мәзірі, жатын орындар, ойын алаңдарының жай-күйін көріп, қызмет сапасын арттыру жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

«Ақтерек» лагерінде биылғы ауысым бойынша 452 баланың демалысы жоспарланған. Оның ішінде 402 бала міндетті оқу қоры, 50 бала кәсіподақ есебінен қамтылады. Ауысым ұзақтығы 10 күн.

Жаңа маусымға дайындық аясында лагерге 5,6 млн. теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар санитарлық талаптарға сәйкес қосымша 4,9 млн. теңгеге қажетті жабдықтар сатып алынған.

Лагерь жұмысына мектеп мұғалімдері мен қосымша білім беру ұйымдарының қызметкерлері тартылып, үйірмелер мен мәдени-спорттық іс-шаралар ұйымдастырылатын болады.

«Ақтерек» сауықтыру лагерінің жаңа маусымға дайындығымен танысқан аудан әкімі жауапты сала басшыларына жазғы демалыс науқанын уақытылы әрі сапалы ұйымдастыруды, балалардың қауіпсіздігі мен демалыс тиімділігін қамтамасыз етуді тапсырды.

"ТЕРЕЗЕ" ТЕРЕЗЕДЕН ҚҰЛАТПАЙДЫ...

Осыдан біршама уақыт бұрын өткен балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруды қараған Үкіметтің кезекті жиынында Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов баяндама жасады. Оның айтуынша оқу жылы ішінде төтенше жағдайлар кезіндегі мінез-құлық ережелерін түсіндіру және оқушылар, педагогикалық құрам және ата-аналар арасында алғашқы көмек көрсету бойынша профилактикалық жұмыс жүргізіледі. Сондай-ақ оқу орындарында кадет сыныптары, әскери-патриоттық клубтар, «Жас құтқарушылар» және «Жас өрт сөндірушілер» үйірмелері белсенді түрде енгізіліп, дамуда. Енді жазғы каникул кезі өте сындарлы сәт. Бала үшін қауіп көп.

Министрдің қатты алаңдататыны – балалардың терезеден құлауы. Оның өз сөзімен айтар болсақ:

– «Жаз мезгілінде балалардың терезеден құлауы жағдайларының көбейіп кететінін ерекше атап өткім келеді. Министрліктің тарапынан терезелерге қорғаныш құрылғыларын өтеусіз негізде орнату және тұрғын үй көшендерінің ауаларында ұшқышсыз ұшу аппараттары арқылы халықты ақпараттандыру жұмыстары жүргізіледі. Бала өлімінің алдын алу мақсатында Мәдениет және ақпарат министрлігі кең ауқымды акция өткізуге қажет. Сонымен қатар жазғы кезеңде адамдар көп баратын туристік орындар мен көрнекті жерлердегі қауіпсіздік шараларының сақталуын тиісті ведомство қамтамасыз етуі керек. Төтенше жағдайларға уақтылы ден қою және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Министрліктің күштері мен құралдары әрдайым дайын».

Министрдің атап өтетіндей бар екен. Мәселен өткен жылы Қызылорда облысында балалардың терезеден құлауының 16 жағдайы тіркеліп, 17 бала түрлі жарақаттар алған. Мамандардың айтуынша балалардың терезеден құлау фактісінің басты себебі ата-аналардың балаларды бақылаусыз қалдыруы, терезеде уақытша бекіткіш торлардың болмауы, балалардың терезе алдында ойнауы. Осыған орай аймақта “Терезе” жедел алдын-алу шарасы өз жұмысын бастаған. Бұл туралы Қызылорда Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында брифинг берген ТЖД төтенше жағдайларды алдын-алу басқармасының бастығы Бейбітхан Спанов пен көпбейінді облыстық балалар ауруханасының травматолог дәрігері Жеңісбек Карбозов айтты.

– Қызылорда облысы бойынша балалардың көпқабатты тұрғын үйлердің терезелерінен құлап зардап шегуін немесе қаза болуын болдырмау мақсатында үгіттеу-түсіндіру жұмыстарын жүргізілуде. Сонымен қатар қала аумағында орналасқан көпқабатты тұрғын үйлердің және мини-маркет, сауда орындарының кіре беріс есіктерінің тұсына түсіндірме парактары ілініп, тұрғын үй ауласында ескерту, түсіндіру іс-шаралары жүргізілуде. Осындай жағдайларды болдырмау бағытында “Терезе” жедел алдын-алу шарасы жолға қойылды. Мақсат біреу. Балардың денсаулығы бөрінен де маңызды. Оған бәріміз де жауапкершілікпен қарауымыз керек. Өсіресе, тұрмысы төмен отбасыларда тұратын балалардың қауіпсіздігіне баса мән беріліп отыр. Біз мұндай отбасылардың тұрғын үйлеріндегі терезелерге қорғаныш құрылғыларын орнатуды жоспарлап отырмыз. Профилактикалық жұмыс жүйелі түрде жалғасын табады,- дейді Бейбітхан Оразайұлы.

– 2025 жылдың алғашқы бес айында қайғылы жағдайлар тіркелген жоқ. Бұл балалар қауіпсіздігі бағытындағы алдын алу шараларының тиімді жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Алайда, осы кезеңде 1415 бала түрлі себептермен стационарлық ем қабылдады. Осындай жағдайлардың орын алуы сыртқы ортаның қолайсыздығы мен ересектер тарапынан бала қауіпсіздігіне немқұрайлы қарауынан болуда. Әрбір ата-ана мен ересек адам баланың өмірі мен денсаулығына жауапты екенін ұмытпауы керек. Жарақат алу қауіп бар жағдайларды дер кезінде анықтап, жою біздің ортақ міндетіміз. Балаларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіру, оларға үнемі бағыт-бағдар беріп отыру ең алдымен ата-ананың құзырындағы жауапкершілік,- дейді Жеңісбек Карбозов.



“БАЛАЛАР ТҮНГІ ҚАЛАДА”: НӘТИЖЕСІ ҚАНДАЙ?

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселесін қараған Үкімет жиынында Ішкі істер министрі Ержан Сәденов те баяндама жасады. Оның мәліметінше, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі. Мектептерге полиция қызметкерлері тағайындалған, олар қауіпсіз мінез-құлық дағдылары мен құқықтық тәрбие бойынша сабақтар өткізеді, профилактикалық жұмыстар жүргізеді және құқық бұзушылықтардың жолын кеседі. Ішкі істер министрлігі жазғы демалыс кезінде лагерь қызметкерлерін тексеруді, полиция қызметкерлерін бекітуді, балаларды демалыс орындарына жеткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Каникул кезінде «Түнгі қалада қалған балалар» рейді ұйымдастырылады деген министр бұл жерде басты мақсат жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, тұрмысы нашар отбасылармен жұмыс жүргізу, түнгі уақытта балалардың көшеде және ойын-сауық орындарында болуына жол бермеу, спирттік ішімдіктер мен темекі өнімдерін сақтан кәсіпкерлер мен ата-аналарды жауапқа тарту екенін атап айтқан.

Министр баяндамасында айтылғандай аймағымызда өткізілген “Балалар түнгі қалада” жедел профилактикалық іс-шарасы қорытындыланды. Бұл шараның негізгі мақсаты - жасөспірімдер қылмысының алдын алу, кешкі және түнгі уақытында көмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың жолын кесу, топтық төбелестерді болдырмау. Қызылорда Өңірлік коммуникациялар қызмет алаңында брифинг берген облыстық полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Ердаулет Жаукеев хабарлады.

– Іс шараның қорытындысымен



көмелетке толмағандарға қатысты барлығы 298 әкімшілік хаттама ресімделді. 16 көмелетке толмаған жастар ішкі істер органдарының есебіне алынды. Қадағалаусыз және панасыз қалған 1 жасөспірім көмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына жатқызылса, 5 жасөспірім тыйым салынған заттарды алып жүргені үшін полиция бөлімдеріне жеткізілді. Ата-ананың немесе басқа да жаңданды балалардың тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін барлығы 29 ата-анаға хаттама толтырылды. Ортақ пайдаланатын орындарды ластау бойынша 11 құқық бұзушылық анықталды. Түнгі тыныштықты бұзу бойынша 4 көмелетке толмаған анықталды. Сағат 22:00-ден 06:00-ге дейін көмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз ойын-сауық мекемелерінде болуы және сағат 23:00-ден 06:00-ге дейін заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғын жайдан тыс жерде болуы бойынша барлығы 278 көмелетке толмаған анықталып, олардың заңды өкілдеріне хаттама толтырылды,- деді Ердаулет Баянбайұлы.

Демек, бала түнгі уақытта беймезгіл жүруге болмайды.

“ТАЗАЛЫҚ” АУЫЛДАН БАСТАЛАДЫ

Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай **СЫРДАРІЯ** ауданы әкімі Берік Сәрменбаевтың қатысуымен жағажай аумағында тазалық іс-шарасы өтті. Іс-шараға аудандық мәслихат депутатта-



ры, еңбек ардагерлері, мекеме және бөлім, азаматтық қорғау саласы қызметкерлері мен аудан тұрғындары қатысты.

Аудан басшысы экологиялық іс-шараның мән-маңызына тоқталды.

– Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен елімізде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жүргізілуде. Осы ретте, Сыр өңірінде аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың тапсырмасымен экологияны

жақсарту бағытында үлкен шаралар қабылдануда. Қоршаған ортаны қорғау мақсатында аймағымызда тазалық акциялары мен сенбіліктер тұрақты өткізіліп келеді. Соның нәтижесінде өңіріміз таза аймақтар қатарынан көрінуде. Бұл бағытта аудан тұрғындары үлкен үлес қосуда. Осы жылдың өзінде ауданымызда бірнеше экологиялық акциялар мен ағаш отырғызу шаралары ұйымдастырылып, сенбіліктер апта сайын өткізілуде. Экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында аймақ басшысының қолдауымен аудан орталығында тұрмыстық қатты қалдықтар тастайтын полигон пайдалануға берілді. Қазіргі таңда полигонда тазалық шаралары нәтижесінде жиналған қалдықтар өңделуде. Біздің әрқайсымыз табиғатқа деген жауапкершілікті сезінуіміз қажет. Таза ауа, жасыл желек пен таза су – біздің келешегіміз. Осы байлықты сақтап қалу үшін бәріміз қоршаған ортаны қорғауымыз қажет. Сіздерді табиғатты қорғауға, оны аялауға, болашақ ұрпаққа таза және сау табиғат қалдыруға шақырамын, – деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Экологиялық іс-шара барысында жағажай



аумағына тазалық жұмыстары жүргізілді. Арнайы техникалармен қоқыстар тазартылып, демалыс орнындағы жабдықтар сырланды. Арнайы қайықпен көлдегі қалдықтар да тазартылды.



Халықаралық экология күніне орай бастау алған «Таза жағалаулар» республикалық эко-марафоны аясында **АРАЛ** ауданындағы Қамыстыбас ауылдық округіне қарасты «Аққұмшық» жағажайында тазалық шарасы ұйымдастырылды.

Жағажайдағы тазалық шарасына Қамыстыбас ауылдық округіндегі мекеме қызметкерлері мен еріктілер жұмылдырылды. Олар көлдің маңайын күл-қоқыстар мен тұрмыстық қалдықтардан тазартып, арнайы жүк көлігіне тиеді.

Аталмыш эко-челлендждің мақсаты — су қоймаларын тазалау және санитарлық тәртіпті сақтау мен қоршаған ортаға қамқорлықты дәріптеу. Сондай-ақ, тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, отансүйгіштікті, табиғатты қорғауға, қоршаған ортаға деген жанашырлық құндылықтарын қалыптастыру.

Акция – «Таза Қазақстан» науқаны аясындағы маңызды бастамалардың бірі. Ол республикамыздың су ресурстарын сақтауға бағытталған.

Дәл осындай тазалық науқаны ауданға қарасты көлдер жүйесі мен барлық су айдындарында ұйымдастырылды.

Қоршаған ортаны ластауға жаны қас **ЖАЛАҒАШ** ауданында да «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында санитарлық-тазалық жұмыстары жүргізіліп, көшелер, аулалар мен қоғамдық орындар қоқыстан тазартылды. Шабылған шөп пен жиналған қалдықтар арнайы техника арқылы белгіленген



Әрдайым жаңалықтың, жақсы істің басынан табылатын **ҚАРМАҚШЫ** ауданында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында қоршаған ортаны қорғау, көркейту, көгалдандыру бағытында жалпыаудандық сенбілік ұйымдастырылып, ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Тазалық шарасына аудан, кент әкімдігі, мекеме басшылары мен қызметкерлері, ардагерлер, жастар және еріктілер де өз үлестерін қосты. Санитарлық-тазалық жұмыстары барысында әлеуметтік нысандардың, атап айтқанда, қоғамдық орындардағы бордюр жиіктерін құмнан тазалау, әктеу және ретсіз өскен арам шөптерді жүлу жұмыстары жүргізілді. Шабылған шөптер мен жиналған қоқыс қалдықтары арнайы техниканың көмегімен белгіленген орындарға шығарылды.



Биыл осыдан 100 жыл бұрын еліміздің Астанасы болған мерейтойын тойлағалы отырған **ҚЫЗЫЛОРДА** қаласында «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында қаланың әр аумағында санитарлық тазалық, абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Тазалық жұмыстарына 128 мекемеден 1807 адам атсалысты. Сквер-аллеялар, көпқабатты тұрғын үй аулалары, әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандардың аумағы мен көшелердің бойы тазартылып, 150 м3 қоқыс шығарылды. Оған 41 техника жұмылдырылды.



Қандай да бір игі бастамадан шет қалмайтын **ШИЕЛІ** ауданында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында кезекті сенбілік жұмыстары өтті. Аудан көлемінде өткен сенбілік жұмыстары барысында көшелер мен саябақтар, арықтар тазаланды. Одан бөлек көше бойындағы арам шөптер оталып, қоқыс қалдықтары арнайы орындарға шығарылды.

Сенбілік жұмыстарына аудан орталығынан бөлек барлық ауылдық округтердің тұрғындары да қатысып, белсенділік танытты.



СУ АЙДЫНДАРЫ ТАЗАРДЫ

Елімізде қоршаған ортаны қорғауға ерекше мән берілуде. Дәстүрлі түрде өтетін «Таза су айдындары» атты экологиялық акция аясында еліміздегі су айдындарының түбі мен жағалауы иесіз балық аулау құралдары мен тұрмыстық қалдықтардан жыл сайын тазартылуда. Биылғы акция жайында Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының өкілі Ғабит Ермағанбетов мәлімдеді.



Оның айтуынша: Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің 2025 жылғы 17 ақпандағы бұйрығына сәйкес көктем мезгілінде жыл сайын «Таза су айдындары» табиғат қорғау акциясы өткізіледі. Шараның мақсаты - су айдындарын қоқыстан және иесіз қалған балық аулау құралдарынан тазарту арқылы табиғатқа жанашырлықпен қарауға үндеу. Биылғы акция наурыз-мамыр айлары аралығында республиканың барлық өңірлерінде ұйымдастырылған. Қызылорда қаласы маңындағы Сырдария өзенінің жағалауында өткен тазалық жұмыстарына орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемелері, ғылыми ұйымдар, еріктілер, студенттер мен БАҚ өкілдері қатысты. Сонымен қатар Арал ауданындағы Кіші Арал теңізі мен Шардара су қоймасы аумағында да кең көлемде өткізілді. Жалпы, 267 адам, 47 техника және 2 шағын кеме тартылып, 10 ескі ау, 4 қармақ және 8,2 тонна тұрмыстық қалдық жиналды. Қызылорда облысы бойынша 203 адам мен 39 автокөлік жұмылдырылып, 4,9 тонна қоқыс шығарылды. Сонымен бірге «Уылдырық шашу» кезеңінде инспекция 85 заң бұзушылықты анықтап, оның 2-еуі қылмыстық іске тіркелді. 83 азаматқа 1 миллион теңге айыппұл салынып, табиғатқа келтірілген 566 мың теңге көлеміндегі залал өтелуде. 7 ау құралы мен 625 кг-нан астам заңсыз балық тәркіленген. Аталған шаралар табиғи ресурстарды қорғауға бағытталған жүйелі жұмыстың нәтижесі болып табылады. Алдағы уақытта да су айдындарының тазалығын қамтамасыз ету және экологиялық тәртіпті сақтау шаралары жалғаса береді.

«ҮЗДІК АУЛА-2025» БАЙҚАУЫНА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ



Қызылорда қаласында қала күнін мерекелеу аясында «Үздік Аула» байқауын өткізу дәстүрге айналған үрдіс. Биыл бұл байқау сегізінші мәрте өткізілуде.

Байқау шарты бойынша жасыл-желекті көпқабатты тұрғын үйдің ауласына ғана емес, жеке тұрғын үйдің сыртқы аумағына да өз еңбегімен еккен қала тұрғындары қатыса алады. Ол үшін инстаграм, фейсбук әлеуметтік желілері арқылы **#Qzo #Qyzylorda #Үздікаула2025** хэштегтерін міндетті түрде пайдалана отырып, «Сүйікті қалам – Қызылорда» тақырыбында жылы лебізін жолдап, көгалдандырудағы тәжірибесімен бөлісіп, өз парақшасында сапалы суреттер мен 16:9 форматындағы видеоны жариялау қажет.

Байқауға материалдар 3 маусым мен 31 тамыз аралығында қабылданады.

Байқаудың қорытындысы комиссия шешімен анықталып, қала күніне арналған салтанатты іс-шарада марапатталады. Бұған дейін жеңімпаз атанған аулалар байқауға қайта қатыса алмайды. I, II, III орын жеңімпаздарын бағалы сыйлықтар күтеді.